



23 ТАМЫЗ, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Қазалылықтар: «Облыс орталығына сабылмаймыз»



4 Бадрисафа анамызды білеміз бе?



5 Өңірге қажетті мамандықтарға 42 грант бөлінді



6 Өскерден жалтару – азаматқа сын



ПРЕЗИДЕНТ

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның Мардин және Газиантеп провинцияларындағы жантушігерлік жол-көлік апаттарынан көп адамның қаза табуы мен бірқатар азаматтың ауыр жаракат алуына байланысты Президент Реджеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Осындай қиын сәтте қайғы-қасіреттеріңізге ортақтасып, барша қазақстандықтың және жеке өзімнің атымнан сізге және жақындарыңан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бауырлас түрік халқына қайғыра көңіл айтамын. Марқұмдардың Алла Тағаланың шапағатына бөленуін, зардап шеккендердің тез арада сауығып кетуін тілеймін, – деп жазылған Президенттің жеделхатында.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының Ульянов облысында жол апатынан қаза табуына байланысты Президент Садыр Жапаровқа және барша қырғыз халқына көңіл айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жеделхатта қайтыс болған азаматтардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

Қауіпсіздік кеңесінің отырысы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткізді.

Мемлекет басшысының төрағалығымен Ақордада Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп, қаруды өндіру мен сатып алу, сондай-ақ осы саладағы экспорттық бақылау мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік кеңесінің Төрағасы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың және Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың баяндамаларын тыңдады.

Отырыс соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берді.

Әкімдерді қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.

Облыс әкімі Мемлекет басшысына Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика бар екенін айтып, стратегиялық даму жобасы туралы баяндады.

Облыс әкімінің айтуынша, Алматы агломерациясының аймақаралық жоспарына сәйкес, облыстағы нысандар инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі.

Аймақтағы ең өзекті проблеманың бірі – үш ауысымды мектептер мәселесі қалай шешілетіндігі айтылды. Президентке ұсынылған мәліметтерге сәйкес, өңірде 38 медицина нысаны салынады. Оған қоса, облыс орталығында 500 орындық көпсалалы аурухана құрылысы жобаланған.

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс әкімі аймақтың дамуы жөнінде, атап айтқанда, ауыл шаруашылығының дамуы, жылыту маусымына дайындық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөнінде баяндады.

Құмар Ақсақаловтың айтуынша, өңірде күзгі егін науқаны басталды. Биыл бидайдың бір гектарынан 16 центнер алу болжанып отыр. Аграрлық секторға биыл 180 миллиард теңге инвестиция тартылады. Президентке өнеркәсіп саласындағы жобалар туралы да айтылды. Облыста биыл 401 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Аймақтағы жолдарды жөндеуге биыл 22 миллиард теңге бөлінген. Бұл қаржыға 663 шақырым жол жөнделеді. Сонымен қатар 55 ауылда су құбырын тарту жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев егін жинау науқанын жоспарға сай орындауды және облыстағы өзге де жобаларды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

«ДАЛА КҮНІ»



ШЕШІШІ НАУҚАН БАСТАЛДЫ

дәстүрлі іс-шарада өзге де мәселе пысықталды

Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Сырда дара дақыл – күрішке орақ түсті. Сырдария ауданына қарасты «Ақжарма және К» шаруа қожалығының егін алқабында өткен егіншілердің дәстүрлі «Дала күні» шарасына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов, ҚР Еңбек Ері Абзал Ералиев және әдеттегідей сала ардагерлері, қала, аудан әкімдері мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері ортақтасты.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Дала қосында облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы даму көрсеткіштері мен Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жетістіктері таныстырылды. Сонымен қатар, егін жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникалары, облыста өндірілетін өнім түрлері көрсетіліп, сала мамандары өз пікірлерін жеткізді. Мұнан соң аймақ басшысы министрлермен бірге күріш алқабына барып, алғашқы орақ салу рәсімін өткізді. Нұрлыбек Нәлібаев Президенттің, Үкіметтің қолдауы негізінде биыл шаруалар былтырғыдай су тапшылығынан

қатты зиян көрмегенін тілге тиек етіп, Сыр диқандарына тілегін арнады.

– Облыс халқының басым бөлігі ауылда тұрғандықтан біз қашанда егін егу мен жинау науқандарын аса жауапкершілікпен өткіземіз. Жыл басында күріш көлемін былтырғы 84 мыңнан 64 мың гектарға дейін түсіру жоспарланғанын жақсы білесіңдер. Алайда, ондай шешімнің аймақ үшін зардаптарын болжай отырып, ол қадамға бармадық. Осылайша күрішті 78,6 мың гектар көлемінде сақтап қалдық. Орын алған қиындықтарға қарамастан, суды тиімді пайдалану, егістікті кезектесе суару, қашыртқыдағы

суды екінші рет пайдалану қолға алынды. Бұған қоса, әртарап-тандыру бағытында суды аз қажет ететін мал азығы, көкөніс, бақша дақылдарының көлемін арттыруға жұмыс істелді, – деді облыс әкімі.

Ведомство басшылары өз кезегінде диқандардың ала жаздай өткен еңбегін жоғары бағалап, Үкіметтің қысқа мерзім ішінде мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі жандандыру міндетін алға қойғанын тілге тиек етті.

– Қызылорда – күріштің астанасы. Саралап қарасақ, 6,8 мың гектар Алматы облысында бар. Түркістан облысында да аз емес, шамамен 1,5 мың гектар. Ал, күріштің негізгі бөлігі, яғни 90 проценті осы Сыр өңірінде. Ең өзекті мәселе, дренажды жүйелерді жақсартуға жеткілікті мән берілсе, өнімділігі одан да арта түспек. Бұл аймақта күріш өндіру өте жақсы деңгейде дамыған. Ішкі қажеттілікті де, экспортты да дамытып отырғаны Сыр бойы шаруаларының зор еңбегі деп бағалау қажет, – деді Ербол Қарашөкеев.

Егін алқабындағы мерейлі сөт «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Шетел ғалымдары мен білікті мамандар және отандық кәсіпкерлер өзара тәжірибе алмасып, тиімді байланыс орнату мәселесін сөз етті.

Басқосуда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ербол Қарашөкеевке су тапшылығы жағдайында күріш шаруашылығын одан әрі дамыту үшін арнайы бағдарлама қабылдау қажет екенін және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жандандыруда бірлескен шаралар қабылдауды алға тартты. Ал Серікқали Брекешовке аймақтың 178 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген егістіктен айырылып қалу қаупі бар екенін жеткізді. Сол себептен суармалы жерлерді қалпына келтіру және айналдыруға қосу бойынша әзірленген жобалардың іске асуына ықпал етуді сұрады.

Биыл өңірдегі диқандар тұқым сапасын арттыруда украиндық ғалымдармен бірге ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын тәжірибе ретінде егуді қолға алды. Бұл ретте Украина ауыл шаруашылығы ғылыми ұлттық академиясы күріш институтының директоры Владимир Дудченко әріптестікке мүдделілік танытты.

Жиында облыс әкімі суды аз қажет ететін өнімдерге басымдық беру арқылы өнімділік мәселесін жолға қоюға болатынын жеткізді. Айталық, аймақта жүгері егуде суды үнемдеуге болады, егер оны экспорттасақ, табысы күріштен де қомақты. Сондықтан сала мамандары жүгері өндіру ісіне ерекше мән бермек. Бұл – әртарап-тандырудың нақты мысалы.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде су мәселесі проблемалық деңгейде болғаны рас. Дегенмен мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде облыста биыл су жағдайы біршама тұрақты.

– Су тапшылығының алдын алу мақсатында биыл 22 каналды механикалық тазалау, 41 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, сорғы қондырғыларын сатып алу жұмыстарын жүргізуге Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуы. Қабылданған шаралардың арқасында жалпы биыл вегетациялық кезең шығынсыз аяқталып келеді, – деді Серікқали Брекешов.

Айта кетейік, биыл аймақта 188 мың гектардан астам жерге турлі дақыл егілді. Қазіргі уақытта бидай, арпа, сұлы дақылдарын жинау аяқталса, мақсары, картоп, көкөніс, бақша, жүгері және мал азығы дақылдарын жинау жұмыстары қызу жүруде.

– Жоғары өнім алу мақсатында күріштің 100 процент жоғары репродукциялы тұқымы себілді. Биыл себілген күріш тұқымының 3,4 проценті отандық сорт болса, 1,2 проценті украиндық, 0,1 проценті өзбекстандық, қалған 94 проценті – ресейлік сорттар.

2-бет

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

ЖАҢА ЖОБАЛАР егіншілік мәдениетін көтере ала ма?

Егіншілік мәдениеті ерекше өзгерістерді бастан өткізіп жатыр. Әсіресе, суармалы жүйеге негізделген біздің өңір үшін қазіргідей су тапшылығы жағдайында бұл өте маңызды. Ғылым мен өндірісте үндестік керек. Ал Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары қандай ізденіс үстінде жүр?

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

2-бет

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Жастарға жалаң үгіт жарамайды

«Сыр бойы» – облыс халқының айнасы, хабаршысы, ақылшысы, көп ойлар тоғысының тоғаны, жастар талантының жан ашыры, рухани-мәдени өмірдің насихатшысы болғандықтан, осы басшылымың тұрақты оқырманыммын. Газеттің осы жылғы (16 тамыз) кезекті санында облыстық мәслихат хатшысы, тарихшы-ғалым Наурызбай Байқадамов «Толғандыр тақырып» айдарымен «Бала тәрбиесіне жауапсыздық – ұлт мүддесіне жауапсыздық» атты мақаласы жарияланыпты, ешкімді, әсіресе ұстаздар қауымын бей-жай қалдырмайтын бәрімізге ортақ мәселе көтеріліпті. Қолыма майшамыммен бірге, әртүрлі бояулары бар қаламсаптарымды алып, шұқшия отырып, кейбір ойларының астын сызып оқыдым. Осы ынтам менің де кейбір пікірлерімді ортаға салуға итермеледі. Қайсыбір пікірлерім біреулерге ұнамай қалуы да мүмкін. Оларды менің жеке пікірім деп қабылдарсыздар, оқырманым.

3-бет



ШЕШУШІ НАУҚАН БАСТАЛДЫ

дәстүрлі іс-шарада өзге де мәселе пысықталды

Сондай-ақ, күзгі егін жинау және дала жұмыстары үшін қажетті жанар-жағармай қоры жеткілікті. Ауыл шаруашылығы техникалары күрші егісін өз уақытында жинап алуға толық дайын. Қолда бар ауыл шаруашылығы техникаларының мүмкіндігі бұған жетеді. Науканды 10 қазанда аяқтау жоспарланып отыр, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Басқарма басшысының айтуынша, биыл егінді әртарапандыру бағытында қосымша 189 гектар соя, 70 гектар күнбағыс, 3,5 гектар кант қызылшасы, 358 гектар кант құмайы егілген. Сонымен қатар, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 793 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Салалық басқарма ұсынған тағы бір мәліметке сүйенсек, биыл егін жинау жұмыстарына 1763 трактор, 849 комбайн, 476 жатқа, 353 жүк көлігі, 825 трактор тіркемесі толық дайын деуге болады. Сонымен қатар, жаңадан 43 ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған.

Сапар барысында министрлер облыс әкімімен бірге Ақжарма ауылының тыныс-тіршілігімен танысып, шаруа қожалығына қарасты күрші

1-бет



зауытының жұмысын көрді. Тіректі елді мекен саналатын округтегі абаттандыру жұмыстарымен және әлеуметтік нысандармен танысты.

– Биыл «Ақжарма және К» фермерлік қожалығында 1350 гектар күрші, 40 гектар бидай, 362 гектар жана жоңышқа, 12 гектар картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілді. 30-дан астам ауылшаруашылық техникасы жұмылдырылды. Егін егу және жинау науқанында 75-80 адам жұмыспен қамтылады. Техникалық жағдайымыз жақсы, ауыл шаруашылығы машиналарын 100 пайызға жаңарттық деуге болады. Әу

баста су тапшылығы туралы айтылды. Бірақ су насостарын пайдалану арқылы бұл қиындықтан да шықтық. Өз есебімізше, күршітен жақсы өнім аламыз деген үміттеміз. Гектарына 70 центнерден өнім айналады деген болжам бар, – дейді шаруашылық төрағасы Қайрат Нүрсейітов.

Тағы бір қунарлығы, шаруашылық өз қаражаты есебінен ауылды көркейту-көгалдандыруға, су жүйелерін жөндеу мен тазалауға қолдау көрсетуде. Әлеуметтік дүкен мен монша құрылысын салу, орталық стадионды жөндеуге және өзге де әлеуметтік



бағыттарға 310 млн теңгеден астам қаржы бөлікті. Сондай-ақ, құны 122,6 млн теңге болатын күрші өңдеу зауыты мен астық сақтайтын қойма салған.

Мұнан кейін Н.Ильясов атындағы ауылдық округте бірқатар құрылыс жұмыстары назарға ұсынылды. 2250 тұрғыны бар ауылда былтыр «Нұрлы жол» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында ауылдық округке кіреберіс жолға күрделі жөндеу жұмысы жүріп, көпбалалы отбасыларға 3 тұрғын үй салынған. Ал биыл 11 көшеге қайта жаңғырту жұмыстары

басталған. Бұдан бөлек, 2015 жылдан бері «Абзал және К» ТС ауылдың гүлденуіне қомақты үлес қосып келеді. Серіктестік жеке қаражаты есебінен абаттандыру және тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бағыттарында 797 млн теңгеден астам қаржы бөлікті. Айталық, 384 млн теңгеге спорт кешенін салып, 137 млн теңгеге ауылдық гимназия жаңадан бой көтерді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш құрылысы жүргізілген.

Сапар соңында министрлер Қызылорда қаласындағы су

торабын қайта жаңарту жұмысымен танысты. Аталған құрылысқа бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлінген. Жұмыс толық орындалған жағдайда су торабынан төменгі ағысқа 1200 текше метрден 1900 текше метрге дейін су өткізуге болады.

– Бұл су торабы 1956 жылы салынған. 2014 жылы апаттық деп танылған еді. Содан бастап республикалық қазынадан тиісті қаржы бөлу мәселесі қаралып, құрылыс жұмыстары басталып кетті. Нысанды 2023 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Су торабының бетондық жұмыстарының 85 пайызы бітті. Нысанды қоршау, сондай-ақ өзге де атқаратын шаруалар әлі де жетерлік, – дейді «Қазушар» РМК облыстық филиалы басшысының орынбасары Жорабек Ерназаров.

Айта кетейік, қазір облыста су жағдайы тұрақты. «Шардара» су қоймасына «Көкбұлақ» су бекеті арқылы сәуір-тамыз айларында түскен су көлемі 3502 млн текше метр болса, 19 тамыздағы жағдай бойынша 3611 млн текше метрді құраған. Ал былтыр вегетациялық кезеңінде су қоймасына барлығы 2,1 млрд текше метр ғана су келіп түскенін атап өту қажет.

ЖАҢА ЖОБАЛАР

егіншілік мәдениетін көтере ала ма?

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ӨНІМДІЛІК КЕПІЛІ

Кейінгі жылдарда ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайы нашарлап кеткен. Канал арналары түрлі деңгейде деформацияға ұшырауда. Қамыс пен түрлі өсімдіктің қаулап өсуіне байланысты олардың су өткізгіштік қабілеті төмендеп кетті. Су шығыны көбейді. Тағы бір айта кетерлік, суару жүйелеріндегі гидротехникалық құрылыстар талапқа сай емес. Канал бойында суды басқару мен дақылдарды суару режимі сақталмайды. Салдарынан қашыртқы-кәріз желісі көміліп, егін алқаптарының екінші қайта тұздануына әкеліп соқтыруда.

Расында, мұндай келендіс көрініс қазіргідей су тапшылығы жағдайында бірқатар проблемаға итермелейді. Шығын көбейді, өнімділі азаяды.

– Үкімет тарапынан аталған күрделі мәселені шешу мақсатында біршама жұмыс жүргізілуде. Суармалы жерлерді қайта айналымға қосу және қалпына келтіруге мән беріліп отыр. Бүгінде ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңі (ПУИД-2) жүзеге асырылуда. Аталған жоба бойынша Жалағаш ауданының Аққұм, Бұқарбай батыр, Таң және Мәдениет ауылдарында 15,1 мың гектар суармалы жерлерді қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Жоба төрт компоненттен тұрады. Алғашқысында ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру жаңғыртылса, екіншіден оны тұрақты басқаруға жол ашылады. Сондай-ақ, пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік туып, ауыл шаруашылығын дамыту, жобаны басқару және техникалық жәрдемдесу мәселесі жасқарады, – дейді институттың білім тарату орталығының жетекшісі Жанұзақ Байманов.

Жоба негізінде суды үнемдеу және топырақ қорғау құрылымдарын, өнімді және оның сапасын арттыру үшін суармалы жердің мелиорациялық жай-күйі жақсарды. Жоғарыда аталған жобаның 3-ші компоненті аясында өңірміздің егін шаруашылығы саласының мамандарына инновациялық агротехнологияларды, оның ішінде институт ғалымдары әзірлеген ауыспалы егіс жүйелерінің жаңа үлгілері негізінде егін шаруашылығын әртарапандыру, су ресурсын үнемдеу технологиясын енгізу, ауылшаруашылық дақылдарының аурулары мен зиянкестерінен қорғау тәсілдері және басқа егін шаруашылығын жүргізудегі тиімді агротехнологияларды үйретіп, таратуға бағытталған семинарлар жүйелі түрде өткізілуде.

Өткен жылдары семинарлар ПУИД-2 жобасы жүріп жатқан Жалағаш ауданының 4 елді мекендерінде теориялық негізде откізіле, биыл күрші институтының егіс алқаптарында дайындалған бірнеше демонстрациялық алаңдарда практикалық тәсілмен откізілуде.

Бұл алаңдардың бірінде вегетациялық өсу кезеңі қысқа, күршінің «Сыр сұлуы» және басқа сорттары егілсе, келесі алаңдарда әртарапандыру (арпа, бидай, сулы, кант құмайы) дақылдары, үшінші алаңда түйежоңышқа, төртінші алаңда күрші ауыспалы егіс жағдайында көкөніс-

1-бет

бақша дақылдарын тамшылатып суару технологиясы, келесі алаңдарда күршіні көшетпен егу мен күрші атыздарына су беруді автоматтандыру технологиялары көрсетіледі.

КАНТ ҚУМАЙЫНЫҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

Институт ғалымдары кейінгі 3 жыл бойы ФАО жобасын тәжірибелік негізде сынақтан өткізіп, өндіріске енгізуде. Өнім деңгейі көңіл көншітерлік.

– Кант құмайы біздің өңірге өте қолайлы. Ол топырақ тұздылығы мен су тапшылығына өте төзімді. Салалы, 75-80 см-ға дейін өсетін тамыры, күрші атыздарының 30-35 см тереңдікте пайда болатын қатты ұлтан қабатын тесіп өтіп, топырақтың су, ауа алмасу процестерін жақсартумен қатар, жерде қара шірік болып қалады, азоттандырады. Келесі жылы жермен қоса жыртқып тастаған жағдайда биоорганика болады. Кант құмайы – жүгері секілді өсетін дақыл. Өлемде одан 50-ге жуық өнім алуға болатыны дәлелденген. Биозанол, спирт, кант шырынын алуға және одан қалған қалдықтан мал азыққа өнім өндіруге мүмкіндік бар. Балауса күйінде жем-шөп есебінде пайдалана аласыз, – деді институттың басқарма төрағасының орынбасары Әсет Тоқтамысов.

Оның айтуынша, кант құмайы – негізінен Африкада өсетін дақыл. Ол суға оншалықты тәуелді емес. Тіпті, су тапшылығы болған уақытта да жасыл күйінде тұра береді, ылғалдығын сақтайды. Содан кейін су берсең, қайтадан көктеп, жапырағын жая түседі. Мұндай жағдайда жүгері сарғайып, қурай бастайтыны белгілі. Оны өндіріске пайдалануда екі-үш жылда өз шығынын толық ақтайды.

Өлемде одан өндірілген 1 келі шырын 4 АҚШ долларына жуықтайды екен. Есепке салып қарасақ, бір шаруашылық 150 гектарға кант құмайын егіп, одан түрлі өнімдер ала, табысқа кенеледі. Сондықтан әртарапандыру бағытында осындай тиімді дақылдарды қолға алу өте тиімді екені даусыз.

– Бұл дақылдың тиімділігіне көз жеткізіп отырмыз. Әрине, кант құмайын өсіруге өзінде тәжірибе жетіспейтін шығар. Десе де, уақыт өте келе, бұл кәсіптің де қыр-сырын меңгеру қиынға соға қоймайды. Әрине, әрбір дақылдан жоғары өнім алу үшін оған алдымен техника қажет. Келешекте кант құмайына жергілікті еңбекшілер тарапынан сұраныс арта түседі деген сенімдеміз, – дейді Ә.Тоқтамысов.

Дақыл құрамының 20 процентін кант құрайды. Оны сүт бағытындағы сиырларға берсе, сүттілігі 2-3 есеге дейін артады. Демек, дақылдың мал шаруашылығына да тиімділігі зор екенін бағамдау қиын емес.

Айта кетерлік, әлемнің кейбір елдерінде көптеген тәжірибе жүргізілген. Мәселен, Белоруссияда сынақ өткізіліп, оны радиоактивті залалданған аймақтың топырағында еккен. Сол аумақта жүгері де өсірілген. Жиналған өнімдер сиырларға берілген. Сонда кант құмайымен азықтанған сиыр сүті сапалы шыққан. Тағы бір ерекшелігі, кант құмайы ас қорыту жүйесіне өте пайдалы.

Бұрынғы жылдарда институт ғалымдары Қарауылтөбесінде сынақ

алаңында 40 гектарға екті. Оған арнайы аймақтар таңдалған жоқ. Соңғы 2-3 жылда ешқандай дақыл егілмеген аумақтағы биік жерлерге себілген дән көп ұзамай-ақ бойын тіктеп кетті. Шығымдылығы да ойлағандай болды.

Институт базасында әртарапандыру бағытындағы жобаларға арналған техникалар жетіспейді. Сондықтан кант құмайын егу барысында жоңышқа себуге арналған дән сепкіш пайдаланылған.

Жергілікті ғалымдар бұл дақылдың өнімділік деңгейі жоғары болатынына көз жеткізді. Одан бір жылда үш мәрте өнім жинауға болады. Оған қоса тұзға төзімді, шөлге де шыдай береді. Қызылордалық ғалымдар кант құмайын 2020 жылы институттың егін алқабында 40 гектар жерге егіп,



сынақтан өткізсе, 2021 жылы ФАО жобасы аясында оның тұқымын облысымыздың 7 шаруашылығына тегін таратып, 138 гектарға жеткізді. Нәтижесінде биыл 12 шаруашылық кант құмайының тұқымын өздері сатып алып егіп, облыс бойынша дақылдың егілу ауданы 470 гектарға жетіп отыр.

Егіншілер үшін әртарапандыру маңызды болып қала бермек. Бұл орайда жергілікті ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып, нәтижелі іс жасауға әбден болады. Ал институт ғалымдары диқандармен тығыз жұмыс жасауға әрқес ықыласты.

ТҮЙЕЖОҢЫШҚА – ӨНІМДІ ДАҚЫЛ

Сондай-ақ, кейінгі жылдарда институт ғалымдары түйежоңышқа өсіруге мән беріп отыр. Бұл екі жылдық өсімдік ретінде белгілі. Аталған дақылдың ақ, сары және жоңышқа тәрізді түрі бар. Жалпы, түйежоңышқаны ғалымдар әмбебап дақыл ретінде қарастырады. Түйежоңышқа жер талғамайды. Ескірген, тұздана бастаған, қунары жоқ топырақта да өсе береді. Тамыры күшті, терең кетеді, тамыр түйнектеріндегі бактериялар атмосферадағы молекулалық бос азотты жинап, топырақты азотпен байытады, құнарландырады. Бойы биік, өте көп вегетативтік масса жинайды. Ол керемет белокты мал азығы – пішенді алмастыра алады.

– Айта кетерлік, құрамындағы фитонцид заты кумариннің сары түйежоңышқада жағымсыздау иісі бар. Алғашқыда мал аздап жеуі әбден мүмкін. Үйренген соң құнығып жейді. Сауын малдың сүт майлығы артады, мал тез семіреді. Ал дақылды дер кезінде орып алған дұрыс. Өйткені, мерзімі өткіріп кетсе, сабағы қатып, ағаштанады, жапырағы түсіп, дәні төгіліп қалады. Оны болдырмау үшін түйежоңышқа гүлдей бастағанда ору керек. Сонда сабағы жұмсап, жапырақтары түспейді, керемет дәмді шөп болады. Оған қосымша гектарына 300 центнерден жоғары түзетін көк балаусасын әртүрлі микробиологиялық қоспалар қосу арқылы құнарлы сүрлем жасап, мал

себебі аймақта аудандастырылған түйежоңышқа сорттары шөбінің құрамында мал сүйінін жей алмайтын кумарин қышқылы мөлшерінің жоғары болуы әсер етуде. Бүгінгі таңда түйежоңышқа дақылын күрші ауыспалы егісін жана үлгілеріне енгізуге қолайлы жағдай туып отыр. Себебі, Қазақстан ғалымдары құрамында кумарин қышқылының мөлшері өте аз, жапырақтары түспей сақталатын, сабақтары жұмсақ, мал сүйінін жейтін «Сарайшық» сияқты түйежоңышқаның сорттарын шығарады. Айта кетерлік, біздің шығырып және өндіріске ұсынып отырған түйежоңышқаның «Алаула» сортында жоғарыда айтылған кумариннің иісі мүлде байқалмайды деуге болады – деді Ә.Аймұхамбетов.

Институт ғалымдары талаптарға сай түйежоңышқаның «Приаральский 19», «Алаула» сорттарын шығарып, өндіріске енгізуде. Бір сөзбен айтқанда, түйежоңышқа және оның жана сорттары облыс аймағының егіс алқаптарында өз орнын тауып, өңірдің экологиялық ахуалын, ауыл шаруашылығын өндірісінің экономикасын жақсартуға ықпалын тигізеді деуге негіз бар.

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС ІЛГЕРІТЕДІ

Кейінгі жылдары Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты өңірде су қорларын тиімді пайдалануға бағытталған жобаларды талқылайтын алаңға айналды.

Былыт институтта су шаруашылығында үздік технология жасау ісімен әйгілі «Рубикон Ватер» компаниясының өкілдері, су және күрші шаруашылығы салалары басшыларының қатысуымен семинар-кеңес ұйымдастырылды. Компания өкілдерінің айтуынша, Австралияның жері мен климаты Сыр өңіріне ұқсас. Ол мемлекетте шаруалар су мәселесін түбегейлі шешкен.

– Оларда күрші көлемі біздің облыспен қарайлас. Шамамен 80 мың гектар күрші егеді. Оған 500 млн текше метр су пайдаланады. Ал, бізде оған 4,5 млрд текше метр су пайдалануға мәжбүрміз. Сонда олардан 10 есе артық су жұмсайтынымыз көрініп тұр. Өнімді бізден үш есе артық жинайды. Осы мақсатта жақында институтта Германияның халықаралық ынтымақтастық қорының (GIZ) «Эко-Арал» жобасы аясында, Халықаралық су ресурстарын басқару институтымен (IWM) бірлесіп семинар-тренинг ұйымдастырылды, – деді Жанұзақ Байманов.

Оның айтуынша, IWM институты Орталық Азияда 2001 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Олар азаматтық қоғам және жеке сектормен серіктестікте өмір сүру құралдарына, азық-түлік қауіпсіздігіне және экожүйеге нақты әсер ететін ауыл шаруашылығында суды басқарудың ауқымды шешімдерін әзірлеуге мән береді.

Аталған семинарда IWM институтының мамандары қазіргі калыптасқан су тапшылығы жағдайында су қорын пайдалануды тиімді басқару мен есепке алу үшін ғарыштық технологиямен компьютерлік бағдарламаларды тегін пайдалану көздерін көрсетті.

САПАР

Құрылыс: Межелі міндеттің сұранымы қатаң



Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов Қазалы және Арал аудандарында жұмыс сапарымен болып, бірқатар әлеуметтік нысандары аралады. Алдымен Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан 250 орындық мектеп құрылысын көрді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Өткен жылы басталған білім ордасының құрылысы жоспар бойынша биыл аяқталуы тиіс. Облыс әкімінің орынбасары құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейтіп, мектепті уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

Мұнан соң аудан орталығындағы «Айгөлек» балабақшасына ат басын бұрып, апатты жағдайдағы ескі ғимараттың жайын талқылады.

Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы №70 мектепке де қосымша ғимарат салу – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Облыс әкімінің орынбасары білім ордасына арнайы барып, жайкүйімен танысты. Одан кейін Қ.Пірімов ауылындағы спорт кешені мен Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйін, Қазалы қаласындағы «Өрімтал» балабақшасының құрылысын көрді. Сондай-ақ, ортағасырлық Жанкент шаһарына да арнайы барып, археологтармен пікірлесті. Мамандар кезі Германия мен Ресей мемлекеттерін келген археологтармен бірге қазба

жұмыстарын жүргізіп жатыр. Нұрымбет Аманұлы Арал қаласында орналасқан емханада да болды. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін емдеу мекемесінің 140 маманы 15360 тұрғынға қызмет етеді. Емхананың үш қабатында 2 егу бөлмесі, 2 егуге дейінгі зал, 2 егуден кейінгі зал және 2 дәрігер бөлмесі орналасқан. Облыс әкімінің орынбасары тұрғындар игілігі үшін оңалту орталығын ашуды қолға алып, алдағы уақытта ауыл халқына сапалы медициналық көмек көрсетіп, ана мен бала денсаулығына ерекше назар аударуды жүктеді.

Сапар кезінде апатты жағдайдағы «Жазира» балабақшасы мен №1 қалалық кітапхана ғимараттарының жағдайын көрді. Аудандағы 5 балабақша мен 4 кітапхана ғимаратына апатты жағдайда деген қорытынды берілген. Апатты деп танылған балабақшаның үшеуі Арал қаласында орналасқан. Жауапты басқармаларға қаржы бөлінуі үшін өтінім жіберілген. Кітапхана

ғимаратын салу үшін жобасметалық құжаттама әзірленіп, тиісті басқармаларға тапсырылған. Қаржы бөлінген соң, құрылыс жұмыстары басталып екі кітапхана ғимараты осы нысанға біріктіріледі деп жоспарлануда.

Сонымен қоса, Н.Сақтағанов №19 Арал аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде болып, атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Аталған нысанда бүгінде 23 жаттықтырушы 14 спорт түрінен дәріс береді. Кешенде 92 топта 1196 бала әртүрлі секцияларға қатысып, спортпен шұғылданады.

Мұнан соң сапар жанадан бой көтерген №71 мектеп-интернат ғимаратында жалғасты. Бас мердігер «SCS Инжиниринг» ЖШС құрылыс жұмыстарын 2021 жылы сәуір айында бастаған. Нұрымбет Аманұлы 100 орындық интернатпен қоса, жанадан салынған 200 орындық мектеп ғимаратының ішін аралап, алдағы жаңа оқу жылына дайындықты күшейтіп, балаларды сапалы біліммен қамтамасыз етуге күш салуды міндеттеді. Қазір мектептің ішкі жұмыстары аяқталып, оқу процесіне қажетті парта, орындық сынды жиһаздары құрастырылуда.

Сапар барысында облыс әкімінің орынбасары Жақсықылыш кентіндегі дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешенінде болды. Қазіргі күні құрылыс заттарының қымбаттауы жұмысқа тоқтау салып тұрғаны сөз болып, оның түйінін шешу мәселесі жан-жақты сараланды. Бұл жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, нәтижесі өз бақылауында болатынын ескертті.

Облыс әкімі орынбасарының Арал ауданындағы жұмыс сапары Қамыстыбас елді мекеніндегі «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан денешынықтыру және сауықтыру кешенінде қорытындыланды. Нысанның ішкі жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс барысын бағамдаған Н.Сақтағанов ғимараттың сапасына ерекше мән беруді тапсырды. Оқуға әкімі мен жауапты сала басшыларына келешекте бұқаралық спорт түрлерін дамытуға және ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға үлкен мүмкіндік туғанын, сол мақсатта аянбай еңбек ету жауапкершілігін жүктеді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қазалылықтар: «Облыс орталығына сабылмаймыз»

Кейінгі кездері өңірде аудандардың дамуына жақсы көңіл бөлініп, халық ахуалы жақсаруда. Бұған өткен аптада облыс орталығынан шеткері жатқан Қазалы ауданына барған сапарымызда анық көзіміз жетті. Әсіресе, құрылыс қарқыны жоғары мұнда.

Ақтілек БТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Бүгінгідей техника дамыған заманда, халықтың басым бөлігінде көлік бар екені анық. Ал ол көлікті айдау үшін, әлбетте, жүргізуші куәлігі қажет. Қазалы ауданының тұрғындары бүгінге дейін бұл құжатты алу үшін облыс орталығына баратын. Онда теория мен практикадан тұратын екі кезеңді сынақтан өтеді, яғни, теорияны облыс орталығындағы бөлім ғимаратында тапсырса, практикадан автоматтандырылған электронды автодромда өтеді. Енді тұрғындар үйден ұзамай-ақ жүргізуші куәлігін ала алады. Қызылорда қаласынан алыс аудандағылар үшін артынып-тартынып жол жүру тиімсіз болғандықтан, Қазалы ауданында автодром салынууда. Бүгінде аталған жобаның жобасметалық құжаты мақұлданып, құрылыс жұмыстары басталды. Жалпы құны 119 млн теңгені құрайтын жобаға өткен жылы облыстық бюджеттен 5 млн теңге бөлініп, «Болашақ» серіктестігі нысан орналасатын аумақты тегістеп, құм төседі. Қазір жобаны жалғастыру үшін облыстық бюджетке өтінім беріліп, қаржыландыру күтілуде. Жоба толық іске қосылған кезде Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласының азаматтары жүргізуші куәлігін Әйтеке би кентінде емтихан тапсырып, ала алады.

Қазалыда мұнан өзге де ауыз толтырып айтарлық жұмыстар жетерлік. Мәселен, кентте 250 орынға арналған мектеп құрылысы жүруде. Бұл мектеп облыстық құрылыс басқармасының тапсырысымен салынууда. Былтыр күзде іргетасы қаланған нысанда мектеп ғимараты, жылу қазандығы, баскетбол мен гимнастика алаңы, автотұрақ қарастырылған.

Мектеп салуға қаржы бірінші кезеңде «Жұмыспен қамту бағдарламасы» арқылы республикалық бюджеттен бөлінді. Соған сәйкес мердігер мекеме жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы 120 аудан тұрғынын жұмысқа алды. Екі қабатты мектептің құрылысы биыл аяқталып, жыл соңына дейін тапсыру жоспарланған. 1 гектар аумақты алып жатқан мектеп аудан орталығындағы балаларға жақын жерде білім алуға мүмкіндік сыйламақ, – деп аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Куандық Іскендір.



Осы тұста айта кетейік, қазір ауданда 17 нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның тек 7-уі ғана ел игілігіне берілген. Басым бөлігінің құрылысы биыл басталыпты. Ал 250 орындық мектеп, Кәукей ауылында 100 орындық клуб, Қазалы қаласында 140 орындық балабақша құрылысы әлі жалғасуда. Газеттің өткен санында 3 елді мекен газдандырылып жатқанын айтқан болатынбыз.

Қазалыдағы жаңалық мұнымен бітпейді. Маусым айында аудандық емхана жаңа ғимаратқа көшіпті. Бұған дейін басы ауырып, балтыры сыздаған тұрғындар облыс орталығына ағылса, бүгінде дертине дауа іздеген ағайын күрделі ауруларды анықтауға қауқарлы емхананың игілігін көреді. Емхана екі ауысымды. Бір күнде 500 науқасты қабылдайтын емханада 52 дәрігер және 120 орта буын қызметкер жұмыс істейді. Денсаулық сақтау мекемесінің материалдық-техникалық базасы толық жабықталған.

Нақтырақ айтсақ, мұнда фиброгастроэнтерокопия, ЛОР мен электроэнцефалография секілді жұмысты жеңілдететін заманауи технологиялар қолданылуда. Бізге жаңа емхананың артықшылығын аудан тұрғыны Құнжарқын Дабалы айтып берді. – Жаңа емханаға кіріп, еңсеміз көтерілді. Мұндай үлкен ғимарат салып берген сала мамандарына айтар алғысымыз шексіз. Бұрынғы ғимаратта бір кабинетте екі түрлі маман отырса, қазір әр бөлім қызметкері жеке қабылдайды. Аудан халқы мұндай үлкен және қызметі кеңейген ғимаратқа қол жеткізгеніне дән риза. Бұрын күрделі ауру болса, Қызылордаға қатынайтынбыз. Қазір бар ем-домды өзімізден, ауданнан алуға мүмкіндік бар, – деп зейнеткер ризашылығын білдірді.



Жастарға жалаң үгіт жарамайды

Автор тұрмыс мәслихаты алдындағы ойларын ата-аналармен бөлісе отырып, баланы тәрбиелеуді өзімізді тәрбиелеуден бастауымыз керек деген аксиоманы негізге алыпты. Бұл қазақтың «Үяде не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген макаланың астарына үңілуге жетелейді. Отбасы ата-ана, оның перзенттерінен тұрады ғой. Сондықтан әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өсетіні де – өмір шындығы. Демек, әке мен шеше – ұрпақтарымыздың дұрыс қалыптасып, өмірден лайықты орнын табуға Алланың алдында, өз ары алдында бірден-бір жауапты тұлғалар.

Өткен уақыттармен салыстырғанда жағдайымыз бөтен емес. Оның үстіне рухани санамыз сәл кейіндеп, материалдық дүниеге деген тәбетіміз артып кетті. Мұны да қоғамымыздың нарыққа көшуімен байланыстыруға болады. Бірақ, сол қоғамның қозғаушы күші – біз емеспіз бе? Сондықтан рухани санамыздың екінші орында қалуы қоғам дамуының ең жазылмайтын, оның түбіне жететін жемқорлықтың үдеткіші. Ол өз кезегінде «Мұрны пұшқ болса да байдың ұлы сөйлесін» деген сұрықсыз жағдайға әкелді. Данышпан Абайдың 41-қара сөзінде «...Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек: әуелі билік, екінші байлық» деген екен. Бұнда Абай хакімнің мақсаты кейбіреулерге сынақ ретінде аталған екі нәрсені ұсынып, олардың парасат-пайымын, адамгершілігін, болмысын бағамдау екені белгілі. Осы екі артықшылықты иеленген жоғары лауазым иелерінің не болғанын өмір көрсетуде. Олардың бұндай дәрежеге жетуі ынсапсыздық, тойымсыздық, жаратушымыз – Алламыз бәрін көріп, біліп тұратынына шүбә келтіршілік. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген

Абай хакімнің көрегендігін көз алдыңызға елестетіңізші! Осы ретте ұрпақтарымызды әлем мойындаған ең шыншыл, әділ ислам дінінің қағидаттарымен тәрбиеленгенің артықтығы жоқ қой деп ойлаймын. Алланың үйіне, яғни мешітке тәу етуге менің замандастарымнан гөрі қазіргі жастарымыздың көп бартынына қуанамын. Тек оның дұрыс ағымын ұстанса деген ой.

Парақорлық пен жемқорлық салдарының ең қауіптісі – балабақшадан бастап, мектеп, орта, жоғары оқу орындарында жастарымыздың санасына жат құбылыстың сәулелене бастауы. Кейбіреулерінің ақша шешеді (фетишизм) деген ойдың жетегінде кете бастауы. Өйткені қоғамдағы осы бір келенсіздікті сезіп, көріп, естіп отыр ғой олар да. Бұл – еңбектеген нәресте мен еңкейген көріге дейін бірлесіп күреспесе жеңу қиынға соғатын дерт, мемлекеттік деңгейдегі проблема. Онымен күресте ұстаздар қауымы мен ата-аналар, ғалымдар, қайраткерлер, ақпарат құралдарды қызметкерлері, жазушылар мен өнер қайраткерлерінің алдығы сапта болуы өзінен-өзі сұранып тұрғандай.

Наурызбай Байқадамов мақаласында педагогикалық кадрлардың сапасы қоғам талқысындағы негізгі мәселе болғандықтан, оны да айналып өтпейті. Иә, қай мамандық болса да қажетті маман кәсіпкері екені белгілі. Олардың ішінде бірінші кезекте ұстаздық мамандығы тұрады. Себебі қалғандарының барлығы ұстаздың алдынан өтеді. Ал, бұл мамандыққа күнкөріс түрі деп келгендер қателеседі. Себебі, сіз ұстаздық еңбегіңізбен қоғамның келешегі – балалар, жастар, мамандар тәрбиесіне жауаптысыз. Сондықтан сіз отанға деген ажырақ адал пейіліңізбен келуіңіз керек. Бұл – жаңа Қазақстанды

құрудың, дамытудың, оның келешегінің жауапты қадамы. Өңгіменің реті келгенде айта кетейін. Академик Т.Шарманов ағамыздың ойынша: «Жаңа Қазақстан бәрін қайтадан құру емес, бұрынғы қателіктерді түзетіп әрі сол кемшіліктерден сабақ алу... Бәлкім жаңа емес жанарған Қазақстан дегеніміз дұрыс шығар» депті. Ағамыздың ойына толық қосыла отырып, Қазақстан бұрын да болды ғой, бүгін дамудың жаңа жолына қадам басудамыз дегім келеді.

Өткен кенестік дәуірде ең құрметті, қажетті, қадірлі мамандықтар ұстаздық пен дәрігерлік – ең төменгі жалақы иелері болып келді. Бұл келе-келе мұғалімдер мен дәрігерлердің беделін түсірді, мамандыққа қызығу дәрежесін төмендетті. Аталған жағдай күнкөріс үшін оларды парақорлыққа (өріне бәрі емес) итермеленген жасыруға болмас. Кешегі пандемия кезінде ұлы мамандық иелері өздерінің кім екендерін дәлелдеді, көрсетті. Мемлекетіміздің ішкі әлеуметтік саясаты да жаңа қадамға бейімделіп, олардың жалақыларын көбейтіп, әлеуметтік жағдайларына көңіл бөле бастады.

Менің жарты ғасырдан астам ғұмырым ұстаздықпен өтті, өтіп те келеді. Сондықтан әріптестерімің барлығы алдалдықты, шыншылдықты, талап ететін ұлы мамандықты толық ұлықтап жүр деп айта алмаймын. Заң қызметкері я тергеуші болмағандықтан, олардың аттарын атау менің құзырыма кірмейді. Бірақ олар жайлы келенсіз әңгімелер естігенде қынжыламын, оларды ақылау шақырамын. Наурызбай Сейітқалиұлының мақаласындағы: «Жұмысқа қабылдағанда сыйақы алатындарды жоққа шығару қиын. Осындайға саналы түрде баратын азаматтарды, ұлттық

мүддеге сатқындық жасаушы деп айтып келеді» деген пікіріне толық қосыламын. Осы ретте өміріме болған мына бір жағдай есіме түсті. Мемлекет және қоғам қайраткері Бакбергенов Сәрсенұлы Досманбетов Қорқыт ата гуманитарлық университетінде ректор мен кафедра меңгерушісі болдым. Мен басқарған кафедра философия, саяси экономика пәндерін біріктіретін ауқымды құрылым еді. Кафедраны мамандармен жасақтау өзіме тапсырылғандықтан, ЖОО-ны жақсы бітірген 8 мамандық иесінің құжаттарын ректорға апарып, өтініштеріне қол қойғызып алдым. Бүгінде солардың біразы ғылым кандидаты, білікті ұстаз, мемлекеттік қызметкер болып қалыптасты. Кездескен кезде Бакбергенов екеумізге ризашылық сезіммен рахметтерін жаздырады. Қазір еден жуушылыққа жұмысқа алынатындардан пара талап ететін фактілер кездеседі. Мен әрине, бәрін кінәлаудан аулақпын. Өкінішке орай аталған әрекеттер жок емес.

Қазіргі жаһандану (глобализация) заманында оның қарқынынан қалып қояға болмайды. Себебі ол кез келген мемлекетті, ұлтты таптап кетуі мүмкін. Қазақстанымыз әлемдік ақпараттың кеңістігіне шыққаннан кейін, дүниенің түкпір-түкпірінен интернет арқылы хабарлар болуға мүмкіндік туды. Бұл – өріне жақсы. Ал кез келген жақсы құбылыс, керісінше жамандық әкелетіні де өмірдің заңы. Жас жеткіншектеріміз көзден, тілден қалып, жүрек ауруына, миың тежелу зардабына ұшырап жатқаны аз ба? Солардың негізгі себебі – қымбат бағалы телефондар, смартфон, т.б. Демек, оларды пайдаланудың да шегі болу керек. Аталған мақалада бұл мәселе де егжей-тегжейлі көтеріліпті. Интернет ағы-

мының, играмянияның жеткіншектеріміз құлы (зомби) болып кетпеуі үшін тек балабақша, оқу орындарының ұстаздар қауымы ғана емес, ата-аналардың да ролі арта түседі.

Қоғамның экономикалық саласында қажеттіліктің өсу заңы деген объективті заң әрекет етеді. Сондықтан қазіргі уақытта жастарымыздың қажеттіліктерінің арта түсуі – заңды құбылыс. Кейбір менің замандастарым осы жағдайды ескермей, жастарды кінәлауға бейім тұрады. Мен бұрын есекпен, берігеректе велосипедпен жүрдім деп, жастарды осыған мәжбүрлеуге бола ма? Әрине болмайды, бірақ байлық пен барлықтың да шегі болуы керек. Балабаларымыз «Кедей кезіндегі далбайынды іліп қой деп айтып кеткен. Ал шексіз байлықтың қасіретін тартып жатқандарды көріп жүрміз. Мен жұртты кедейлікке үндеуден аулақпын. Бірақ бұл құбылыстың да прогрессивті жағы болғанын еске салғым келеді. Кедейлік тек ағайын-туысқандарды ғана емес, бүкіл ауылды, елді біріктіретін-ді. Той жасау үшін ел болып кесе, табақ қазан, самауран, отын, көлік, т.б. жинайтынбыз, ал қазір ше? Есігіне қойылған кодты білмесен, туған ағаның үйіне кіре алмайсың.

«Ас – адамның арқауы» деген аталы сөзді қазағым бекер айтпаған ғой. Ұл-қыздарымыздың дұрыс тамақтануы, ұлттық тағамдарымызға бет бұру мәселелері мақалада орынды көтерілген. Дұрыс мамандық таңдау, әлем азаматы қатарында қазақ жастарын тәрбиелеу сияқты өмірден туындап жатқан проблемалар да назардан тыс қалмаған.

Ойымызды қорытындылай келе, біріншіден, қазіргі жастар сауатты, ойлы, білімді, ізденімпаз. Бұны дәлелдеудің қажеті жоқ. Сондықтан оларды тәрбиелеуді өзімізден бастауымыз абзал. Өйткені

жастарға жалаң үгіт жарамайды. Нарық жағдайында олардың қажеттіліктерін әр кезде есепке алу керек. Жасыратыны жоқ, орта және ЖОО-ларда өткізілетін кейбір іс-шараларға студенттерді зорлап қатыстырамыз. Екіншіден, балабақшалар мен оқу орындарында ғалымдар мен өнер қайраткерлері, еңбек ардагерлерімен өткізілетін кездесулерді ұйымдастыру, оны жүргізу мүмкіндігін жастардың өзіне беру керек. Жақында М.Дүйсенов атындағы мектеп-лицейде «Алтын домбыра» иегері М.Ниязовпен өткізілген кездесуді ыждағатпен көрдім. Оқушылар бұл шараны өздері жүргізіп, Мұхтар ініме еркін түрде келесі сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды. Әрине, бұл кездесудің тәрбиелік мәні зор. Үшіншіден, қоғам дамуының қай саласынан болса да хабардар болып, кейбір кемшіліктерге белсене араласып, оны қайталамаудың жолдарын іздейтін белсенді әрі озық ойлы жастармен жиі кездестіріп, олардың ой-пікірлерін саралап отырғанын да артықшылығы жоқ. Мұнда азаматтар қалада ғана емес, аудан-ауылдарда да баршылық. Ардагерлер ұйымында, әртүрлі қоғамдық кеңестерге жастардан шыққан белсенділерді қатыстырып отыру қажет деп есептеймін.

Қазақ «Жақсыдан – шарапат» деген ғой. Алдалықты, батырлықты, азаматтықты ту еткен небір ел жадындағы есімдерді жанғырта отырып, жастардың өзінге жақсылық дәннн сөзі бөліміз керек. Ешкім ешқашан өзімен ештеңе алып кетпейді. Бәрі қалады. Солардың ішіндегі біздің кім екенімізді келешекке жеткізетін де артта қалған ұрпақтарымыз. Олар аман болғай.

Қазыбай ҚУДАЙБЕРГЕНОВ, Қорқыт ата университетінің профессоры

Бадрисафа анамызды білеміз бе?



Был Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл. Осы орайда Аханның жары туралы білетімізді бөлсек.

Алаш қайраткері, педагог, ұстаз, қазақ грамматикасының негізін қалаушы, ұлтымыздың тіл мәдениеті мен сөйлем, сөздерінің байлығын, қолданысын арттыру мақсатында бүгінгі күндері қолданып жүрген әріптерді, сол кездері жастарға білім берудің алғашқы сатысын енгізуге күш салған Ахмет Байтұрсынұлы Алаштың алып азаматы болып қазақ тарихында қалды.

Қайран, арманда кеткен Алаштың қайраткерлері өздері білім алып, азаматтық тұлғасы қалыптасып, саяси сахнаға шыққан патшалық Ресейдің дәуірінде емес, ұлт тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресте, өздері орнатуға атсалысқан жүйенің құрбаны болып, қуғын-сүргінмен өмірлері қиылды.

Алаш қайраткерінің ірі тұлғасы Міржақып Дулатов өзі Ақтөбесіне айдауда жүріп А.Байтұрсынұлына жазған хатында «Сендер қайткенде де Мұхтарды сақтаңдар, бізді келешекте Мұхтар ғана қорғайды» десе, өзі де қапаста отырған А.Байтұрсынұлы 1931 жылы Алматы түрмесіндегі М.Әуезов пен Ә.Ермековке «Сендер әлі жасыңдар, біз сияқты саясатта аттарын шығып әйгіленіп қалған жоқсыңдар, біз жаздық, жаңылық деп, қанша жалынсақ та олар бізге бәрібір сенбейді және түрмеден шығармайды,

осы тұзқатқын түскені түскен. Сендер қателіктеріңді мойындап ашық хат жазыңдар, бәріміз бірдей өліп кетсек, арнамымызды алдағы күнге кім апарарды? Екіншіден, сендер ештеңе тындырған жоқсыңдар, халыққа бізді жексұрын көрсету үшін қатесін мойындайтын адамды іздеп отыр. Бұл да – күрестің бір түрі» деп ақыл айтып хат жазған екен. Осылайша олар басын байгеге тігіп, ұлтымыздың болашағы үшін қанқұйлы тоталитарлық жүйеге қарсы күрестің алуан түрін пайдаланып, соңғы демі біткенше саяси ұстанымын өзгертпей өткен.

Қайраткерлердің арманы арада жеткізілмей өтіп, еліміз егемендік алғаннан кейін орындалып, олар елімен қайта қауышты. Қазақ тарихында қара таңба болып жазылған сталиндік репрессия жылдарының зардаптары туралы



еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана білдік.

Қазақстанда 100 мыңнан астам адамның қуғын-сүргінге ұшырағаны, олардың 25 мыңнан астамы атылғаны белгілі. Ал олардың туыстары, аналары мен әйелдері, балаларының жазалануы жиырмасыншы ғасырда дүние жүзіндегі өркеніетті елдердің ешқайсысында болмаған. Олар Ақмоладағы «АЛЖИР» түрмелерінде азап шекті. Еліміз егемендік алғаннан кейін Алаш қайраткерлерінің әйелдері азап шеккен түрмеде мемориалдық кешен ашылды.

Ахмет Байтұрсынұлының әйелі Бадрисафаның тағдыры қалай болған еді? Аханның өмір жолы, саяси күрестегі тағдыры, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қанша көлемде зерттеліп, халқымен қауышты.

Атына республикалық институт пен көшелер беріліп, еңбектері жарық көрді. Ал сүйген жары Александра Ивановна туралы деректерді біле бермейміз.

Тарихи деректерге зер салсақ, көнекөздердің айтуынша, Ахмет пен Бадрисафаның арасындағы сүйіспеншілік шынайы, таза да сұлу, сәнді болғанға ұқсайды. Александра Ивановна жары саяси күресте басынан өткізген тар жол тайпақ кешу кезінде қиын уақытты бірге өткізіп, бір-біріне сүйеу болған. Жас Ахмет Алакөлдегі жаңадан ашылған мектепке мұғалім болып келгенде Аманқарағай орман шаруашылығында орманшы болып жұмыс істейтін Александр Ивановнаның әкесінің үйінде пәтерде тұрады. Екі жас осы кездері танысып, соңы үлкен махаббатқа жалғасады. Күйеуі қызмет бабымен Қостанайда, Торғайда болған кездері оның сүйіспеншілігі мен жүрегінің тазалығын, ортасы мен достарына деген адалдығын кешегі күнге дейін замандастары айтып жүрген. Ахан кейіннен Александра Ивановнаны «Бадрисафа» деп атаған. Бадрисафа Ахмет түрме мен айдауда жүргенде өмірдің тезіне шыдап, мықты, ұстамды, қайратты адам болып қалыптасады. НКВД бірнеше рет қыспаққа алып, небір қуытқырық әрекеттер жасағанда да бәріне төзіп, шыдай білген. Ахметке деген сүйіспеншілігі мен махаббатын жоғалтпаған.

Ахмет Архангельск облысының Соловец аралында айдауда жүргенде Бадрисафаны асырап алған қызы Шолпанмен бірге Сібірге, Томск облысына жер аударды. Сол жақта мерзімді уақытын өтеп оралады. 1934 жылы М.Горькийдің әйелі Е.Пешкова арқылы және сол кезіндегі қолдауымен Ахметті босаттырып алады. Бірақ бұл бостандық ұзаққа бармаған. Қайта ұсталып, атылғаннан кейін де Бадрисафаға іздеу жарияланған. Ол орын ауыстырып, ел арасында жасырынып жүруге мәжбүр болған.

Замандасы Нұрзипа Әмірова 1937 жылы Қостанайда соғыс жылдары өмір сүргенін айтады. Денсаулығынан айырылып, жүзде-жадаған Қостанайдың өлкелік музей зерттеушілері Ахмет Байтұрсынұлының жесірі Александровка селосындағы ауруханада қайтыс болды деген деректер тапқан. Ахметтің отбасын жақсы білетін Есімхан Тұрлыбеков шамамен 1947 жылдың қараша айында Мендіқара ауданының Қаскет қыстағына Александра деген орыс әйелінің келгенін, оны біздің жерлесіміз Ахмет Байтұрсынұлы жақсы білетін Қасым Тоғызбаев ертіп жүргенін айтқан екен. Өткен ғасырдың 90-жылдарының соңында академик Зұлхарнай Алдамжар А.Байтұрсынұлы өмірін зерттеп, «Бадрисафа» деген экспедиция құрды. Экспедиция мүшелері Алматы, Орынбор, Томск музейлерінен деректер

ауға қол жеткізеді. Осының негізінде 2009 жылы Назира Жәрімбетованың «Егемен Қазақстанда», 2010 жылы «Костанайские новости» газетінде Людмила Фелованың бірнеше макалалары жарияланады. Сейдахмет Кабылжанов «Ақ келін» деген преса жазып, Қостанайдағы орыс драма театрында «Аманат» партиясының қолдауымен қойылады. Биыл Мендіқара ауданының Қаскет ауылында Бадрисафа Байтұрсынұлова, оның жерленген жеріне екі ескерткіш орнатты. Тақтаны орнату салтанаты республикалық телеарналардан берілді. Анамыздың көзін көрген кісілер сөйлеп, естеліктер айтты. Халқымыздың басынан кешірген небір зұлмат заманда ерлеріміздің қасында құстың қос қанатындай жарларының болғанын, қиындық пен қуанышты бірге көргенін еске алды. Бадрисафа да Аханмен бірге азап көріп, шынайы махаббатына берік болды. Осының бүгінгі заман жастарына үлгі болатындай кең көлемде неге насихаттамасқа!

Көрермендердің сүйіспеншілігіне ие болған «Ақ келін» спектаклі бір өлмес көлемінде спектаклемей, республика театрларында, көршілес Орынбор, Орск, Томск қалаларында қойылып жатса, кинофильм түсірілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Ұлттың тамырынан нәр алған

Қазақ халқының тауа заман тарихында ерекше орынға ие, мұқалмас мұратымыз азаттық үшін күрес жолында мерт болған Алаш зиялыларының, қозғалыстың тарихы көбінесе Алашорда үкіметінің тарқауымен байланыстырылады. Бұл мәселеге тереңнен үйілісек, ауқымы әлдеқайда әріде.

«Алаш» қозғалысының бастауында оқыған қазақ зиялылары тұрды, идеясы көш-басшылар еңбектерінде баяндалған кейбір қағидалар төңірегінде қалыптасты. Ол қағида бойынша, біріншіден, жер – қазақ халқына тиісті мұра, оны жекеменшікке беру мен сату туралы сөз қозғалуы мүмкін емес. Екіншіден, жеруесті мен астындағы бар байлық қазақ мемлекеттілігінің идеясына қызмет етуі тиіс. Үшіншіден, Қазақстан толық экономикалық еркіндік алуы, шикізат өндірісінен жергілікті дайын өнім өндіретін өнеркәсіпке өтуі керек. Төртіншіден, мемлекеттің қазақ тілі, мәдениеті, діні, тұрғыптары мен салт-дәстүрлері үстем болуға тиісті. Бесіншіден, ұлттық мемлекет ғылымға, басқа мемлекеттер жетістігіне, ұлттық дәстүр мен ғұрыптарға негізделуі керек. Міне, осындай қағидалар ұстанған ұлт мақтанышы болған Алаш зиялыларының өмірі мен қызметі кеңес дәуірінде жете зерттелмеді. Қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қуғынға ұшырап, есімдері белгісіз болып келді. Ол кезде қазақ зиялыларының революциялық және қоғамдық қызметтеріне ғана назар аударып келді және біржақты қозғалыстармен жазылды. Ал заман ағымы болса маркстік-лениндік және басқа да біржақты оқиснаманың тар өрістілігін ескере келе, тарихилық, ақиқат өлшемін басылыққа ала отырып ұлт тарихын әділ жазуға мүмкіндік берді. Осыған байланысты алғашқылардың бірі болып, ғұмырын Ұлттық Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен байланыстырған академик Кеңес Нұрпейіс ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихын, 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері мен Алаш жетекшілік еткен Қазақ автономиясының тарихын объективті түрде зерттеу мақсатын көздеді. Бұған байланысты көп жылғы зерттеу жұмысының нәтижесінде 1995 жылы «Алаш һәм Алашорда» монографиясын жариялады. Еңбек – ғылыми айналымға жаңадан қосылған түпнұсқалық мәні бар деректерге толы маңызды зерттеу жұмысы. Бұл еңбекте «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің тарихына байланысты нақты оқиғалар зерттелген. Автор еңбе-



інде негізгі төрт тарауды қамтыған. Бірінші тарау мәселенің тарихнамасы мен деректік негіздерінде, екінші тарау «Алаш» қозғалысының бастау кездеріне, үшінші тарау монархия құлағаннан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруі және «Алаш» партиясының құрылуына, төртінші тарау Алашорда және Кеңес өкіметі мәселелеріне арналған. Сонымен қатар қосымша ретінде «Алаш» қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы және қозғалыс жетекшілерінің көзқарас эволюциясы мен Кеңес өкіметі жылдарындағы тағдырына байланысты кейбір құжаттар қарастырылады. Қозғалыс тарихы 60 жылдан астам ресми өкімет тарапынан тыйым салынған тарихымыздың ақтан-дақ беттері болып келгендіктен, зерттеушілер жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Ұлттық сана-сезімді ояту мен мәдениет мәселелері бойынша одан әрі білім жинақтаудың сипатты ерекшелігі ғылымды бұрын пайдаланылмай келген деректемелер мен әдебиеттің мол көзімен байыту болды. Бірінші кезекте бұл ХХ ғасырдың 30-жылдарында Алаш зиялылары қуғынға ұшыраған, кезінде буржуазиялық ұлтшылдар деп орынсыз айыпталған азаттық қозғалысы жетекшілерінің ақталуына байланысты мүмкін болды. Қазіргі уақытта жұртшылық Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов сияқты ұлт зиялылары еңбектерін оқуға мүмкіндік алды. Осыған байланысты зерттеушілер өз ізденістерін олардың өмірі мен қызметін мұқият және жан-жақты зерттеуге, негізгі баспасөз органы – «Қазақ» газетінің мазмұны мен ролін объективті түрде анықтауға, сондай-ақ «Алаш» қозғалысы-

ның бағдарламасына талдау жасауға бағытталды.

О.Әбдімановтың «Қазақ газеті» деген кітабында газеттің пайда болуы алдындағы тарихи жағдай айқын көрсетілген. Автор шетелдік қазақ диаспорасының өкілі Хасен Оралтайдың «Алаш» партиясының 1905 жылдың өзінде-ақ құрылғаны және оның жария партияға айналған 1917 жылға дейінгі құпия қызметі туралы айтқан көзқарасына қосылады. Ол «Қазақ зиялылары қалет партиясы идеяларын нәліктен жасын құтты?» деген сұраққа жауап қайтаруға ұмтылыс жасаған. Олардың арасында 1900 жылдарда байқалған және «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы төңірегінде топтастар екі ағым қарама-қайшылығын негізгі көздерін ашып көрсетеді. «Қазақ» газетінің мақсаттары, оның атауы мен қызметінің негізгі бағыттары жан-жақты ашып көрсетілді. Газеттің жер, 1916 жылғы көтеріліс, «Алаш» партиясының ұйымдастырылуы мен жаңадан құрылған партия бағдарламасы жобасының дайындалуында жалпықазақстандық съездердің атқарған ролі сияқты тарихнамадағы проблемаларға көзқарасы анықталады. Автор газет беттерінде Қазақ автономиясы идеяларының көрініс табуы және бүкілқазақстандық «Алашорда» кенесінің құрылуына, жаңа мемлекеттік бірлестікке кіргізуге болатын объективті анықтауға арналған материалдарға баса назар аударады. Дегенмен автономия жариялау мәселесі бойынша алауыздықтардың пайда болуы кезеңін көрсетуге келгенде олардың себептері ақырына дейін айқындалмай қалады. Автор газет шығаруының соңғы кезеңінде оның беттерінде «Алаш» басшылығының арасында пайда болған алауыздықтардың себептеріне аз көңіл бөлген. «Қазақ» газетінде бірінші кезекте мәдениет, білім беру және әдебиет проб-

лемалары кең әрі толық берілген. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қызметін көрсететін бұрын қол жетпеген мұрағат қорларын пайдалану мүмкіндігінің іс жүзінде асуы арқасында зерттеушілер бұл проблеманы зерттеп, мерзімді баспасөз беттерінде жекелеген мақалалар немесе топтамалар етіп жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Д.Аманжолованың «Алашорда. Қазақ автономизмі», К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» және М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» деген еңбектері алғашқы туындылар болды.

Д.Аманжолованың монографиясы қазіргі ұлттық проблемалардың бастаулары мен себептерін ұғынуға арналды. Зерттеудің басты жаңалығы – қазақ автономизмі. Алаштың» әскери доктринасы, әскери бөлімдерінің құрылуы, олардың құрамын, санын, соғыс қимылдарына қатысуын, Алашорда басшылығының Түркістан майданы мен келіссөздерінің барысын және мазмұнын, «Алаш» жетекшілерінің эволюциясы мен Азамат соғысы барысындағы бұқараны Алашордаға қозғарсын автор тұңғыш рет көрсетеді. Ресей ҒА-ның мүшесі Ю.Поляковтың атап көрсеткеніндей, Алаштың табиғаты, әлеуметтік базасы, даму қарқыны және жеңіліс табу себептері туралы автордың ой-толғаулары бұрын ғылыми айналымға енгенге қыруар деректемелерге жалықпай талдау жасауға негізделген, мұның өзі оны ғылым жағынан негізді және иланымды етеді.

К.Нұрпейісовтің кітабында «Алаш» қозғалысының бастауларына, монархиядан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың өзгерістеріне, «Алаш» партиясының құрылуына, Алашорда мен Кеңес өкіметінің өзара қатынастарына баса назар аударылады. Тараулардың бірі деректемелер мен проблемалар тарихнама-

сына талдау жасауға арналған. Автор «Алаш» дамуы тарихының негізгі проблемаларына: «Алаш – Қазақстандағы тұңғыш саяси партия», «Алаш автономиясы – болашақ мемлекеттіліктің құрылымы», «Алашорда» – автономияны басқаратын үкімет» деп ерекше көңіл бөледі. Нақты мәселелерді объективті ұғыну мен түсіндіру «Алаш» қозғалысының шын мағынасын ашып көрсетуге жағдай жасайды. Кеңес өкіметінің Алашқа көзқарасына талдау жасау автордың бірнеше кезеңді: ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы большевиктік тұрғыдағы жарияланымдардағы «Алаш қозғалысы» ұғымы, проблеманы зерттеуге алыс жыл бойы ұлттың салу мен «буржуазиялық ұлтшыл», «халық жауы» атағын танау кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берген 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланып, проблеманы тарихнамасында әділеттілік пен шындық жағына қарай бетбұрыс жасалғаннан кейін ғана ақиқат кезеңі туғанын айтқан.

Сонымен бірге К.Нұрпейісов «Алаш» қозғалысының мәнін неғұрлым толық ашып көрсету үшін зерттеушілерден әлі де көп күш-жігер жұмсауды керек ететін бірқатар мәселелерді мензейді. Оларға мыналар жатқызылады: оның басшыларының тәуелсіздік идеяларының, саяси және экономикалық көзқарастарының бастаулары, ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «Алаш» қозғалысының атқаратын ролі мен алатын орны; 1917 жылғы екі революция аралығындағы кезеңде «Алаштың» басқа партиялармен байланыстары мен өзара қатынастары; «Алаштың» және Алашорданың Кеңес өкіметімен өзара қатынастары; «Алаштың» ортаазиялық және түркі халықтарымен, мұсылмандық саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен ішкі қайшылықтары: «Алаш» қоз-

ғалысы және қазіргі Қазақстан. Кітапқа қосымшада «Алаш» қозғалысына қатысты бірсыпыра құжаттар келтірілген. Ең алдымен, бұлар – «Алаш» партиясының мүшелері мен олардың пікірлес адамдарының тізімі, партия бағдарламасының жобасы, басшылар көзқарастары және олардың Кеңес өкіметі жылдарындағы тағдыры туралы материалдар.

Сөйтіп К.Нұрпейісовтің монографиясында ХХ басындағы Қазақстандағы тұңғыш саяси партия мен оның үкіметі қызметінің негізгі кезеңдері рет-ретімен, арнаулы сақтаулы қордан алынған құжаттарды едәуір мөлшерде ашып көрсетеді.

М.Қойгелдиевтің монографиясында XIX ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихи дамуына байланысты проблемалардың кең ауқымы қамтылған. Кітаптың бүкіл арқауы басты мәселе – «Алаш» қозғалысына арналған. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты, ұлттық езгіге наразылықтың күшеюі және қазақ зиялыларының 1905-1916 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі; ұлт зиялыларын қудалау саясаты; «Қазақ» газеті және 1908-1916 жылдарда тәуелсіздік жолындағы күрес идеологиясының қалыптасуы; Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі қазақтың демократияшыл зиялылары; Ақпан революциясының жеңісі және ұлт-азаттық қозғалысының жаңа міндеттері; қазақ демократияшыл зиялыларының Уақытша үкімет жұмысына қатысуы; жалпықазақтық бірінші және екінші съездер, «Алаш» пен «Алашорда» үкіметінің құрылуы жан-жақты көрсетілді. М.Қойгелдиевтің кітабында Алаш қозғалысының тарихнамасы иланымды берілген. Автордың қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің тарихнамалық негізін Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев және басқалар революцияға дейінгі ақ қалаған деуімен келісуге болады. «Алаш», «Алашорда», Алаш қозғалысы проблемалары бойынша жарияланған жоғарыдағы еңбектердің сатылы сипатын айта келіп, проблеманың тарихнамасында құпиялар тым көп қордаланып қалғанын атап өткен жөн. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі К.Нұрпейісовтің әділетті атап өткеніндей, ең алдымен «Алаш қозғалысы» терминінің мәні әлі де толық айқын емес.

Алаш зиялыларының ұлттық идеясы – қазақ ұлтымен бірге өмір сүретін, ұлттың өмірін тамыр алған құндылықтар жиынтығы.

Гүлшара СЕРІКБАЕВА,
жарыға саанатты
педагог-зерттеуші.
Арал ауданы



ТАҒЫМ

Бұрынғы бабалардың «жалған дүние» деген сөзінің растығына тағы көзіміз жеткендей. Аяулы азамат, еліміздің, өңіріміздің біліміне, ғылымына, руханиятына мол үлес қосқан Мұстафа Матаев ағаның ортамыздан ұзағанына біршама уақыт өтті.

Қорқыт ата атындағы университет ұжымы, ол кісінің әріптес достары мен інілері, қарындастары өнегелі тәрбиесін есте сақтап келеді. Мұстафа аға біз үшін асқар тау, сүйенер тірек, ақыл сұрар білгіріміз, барлығымыздың ұлағатты ұстазымыз еді. Жалғыз біз емес-ау, өңірдің көп азаматына қол ұшын созып, ғылымды бастарда, жолына түсерде арқамыздан қағып, батасын берді. Ойлап қарасақ, бәрі кеше ғана болған сияқты.



Мейірімі мол ағаны ойлағанда

Ағамыздың салқын сөзін естігенім. Ессене «Е-е, балалар, жағдайлар қалай? Жұмыстарыңды беріліп атқарыңдар. Бірлікте, тату болыңдар, жолдарың құтты болады» деуші еді. Ағаның осы сөзінде қазақтың ірілігі мен көсемдігі жатқан болар, сіре.

Университетте болып жататын түрлі жиындар мен басқосуда Мұстафа ағамыздың айтар сөзі мен пікірі әрдайым салмақты, орынды еді. Оз басым біреуге дауыс көтергенін көрген де, естіген де емеспін. Ол кісі ерекше сабырлығы, байсалдылығы, салмақтылығы, тыңғылықтылығымен ерекшеленетін. Осындай жоғары адами қасиеттерге иелік жасаумен қатар соны жанындағылардан талап етуші еді. Кекейкесті сұрақтар талқылаушы жатқанда жоғары белсенділік танытатын. Өзінің пікірін жан-жақты, тұщымды, қарқынды дәлелдеу арқасында қажеттілігіне еш күмән қалдырмайтын.

Мұстафа ағамыз өзінің 80 жылдығына орай екітомдық өмірдеректік, ой-толғамадық еңбек жазды. Сол кітаптарды оқығандағы түсінгенім: аға азаматтарды жоғары бағалапты, отбасылық өнегені ардақтапты, ұстаздықты шыңына көтеріпті, адалдықты жырлапты. Осынымен көптің қолынан келе бермейтін, оқыған адамға үлгі боларлық, мол рухани мұра қалдырды.

Абыз жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов ағамыздың «Егемен Қазақстандағы» «Туған аңдай, қайран туған жер» атты мақаласын қайта-қайта оқыған едім. Әбдіжәміл ағамыз: «Осы жасқа келгенде көзім анық жеткен бір ақиқат – адамға ақыл кеш кіреді. Он-төртінші ойлап, бас ауыртып жатпайтын сонау алаңғасар жастық шақтың жөні басқа, жас кезде санаға не кіріп, не шықпады. Оның қайсыбірін сен жадында ұстап, есіңде сақтадың, соңыра ақыл кіріп, өзінді-өзің танығанда қапы кетіп, бармақ шайнаған өттеген-айлар аз ба? Ансарын әрнеге бір ауып жүріп, көп нәрсенің парқын кейін түсіндік қадір-қасиеті санаға кеш жетті дер кезінде ескермей, ұстаған шығарып алғасын бас салып өкіндік» депті. Мұстафа ағамыз былай деп жазыпты: «Адам жас кезінде көп нәрсені парқытай алмайды, көзге көрінген нәрсенің төңірегінде ғана ойлайды. Ал өмірдің қалтарысы көп болады екен. Дені сау, ақшасы мол, әр күнін дельбесіне түсіп, соны тапқанына мез адамдар адамгершілік дегенді қайдан білсін? Адамгершілік ауру-сырақат, көріп пен кесірге, қиындықта қалғанға, жетім-жесірге жасалады. Ендеше өркеніетті көксеген жандарға алдымен адамға жаксылық жасауды үйрету керек. Иә...солай» депті. Осы екі азаматтың ойлары бір-бірін толықтырып, бірмен-бірі ұйқасып, жұптасып, жақындасып жатқан сияқты көрінеді бізге.

Мұстафа ағамыз жастайынан білімге құштар болды. Өмірдің болмысы мен тірлігі ерекше толғады. Содан болар ағамызды анау-мынау емес, Мәскеудегі сол кездегі КОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы аспирантурасын бітіріп, сонда философия ғылымдарының кандидаты атына қорғады. Қоғамдық ғылымдардың қаймағы тұнып тұрған сол заманда мұндай табыс, осындай жетістік, әсіресе, шет республикалардың өкілдеріне тіпті де бұйыра бермесі айдан анық еді. Мен осыны ағаның кітабын оқи отыра түсіндім. Ол ғылыми ортадан тәлім, білім алды. Сол кездегі философия ғылымның негізін қалаушысы іспетте, бүкіл әлемге әйгілі ғалым Марк Момсевиич Розенталяның аспиранты болды. Кереметті – ағаның кандидаттық диссертациясын қорғау рәсіміне М.М.Розенталя кенеттен бармай қалыпты. Бәріміз диссертация қорғағанбыз, бірақ мұндайды көрген де, естіген де емеспіз. Сөз жоқ, бұл айтып түсіндірер құбылыс емес. Сөйтсе, М.М.Розенталя қорғауға қасакана бармапты. Бұл ағамыздың терең

білімінің белгісі, әлемге әйгілі ғылыми жетекшісінің оған солағымен сеніп, қорғауға оның өзін ғана жіберуі шәкіртін жоғары бағалауымен қатар мықты сынауының да дәлелі болар. Сөз жоқ, әйгілі академиктің аспирантына деген зор сенімнің дәлелі болар бұл. Әйтпесе оның ғылыми кеңеске бармай қалуы тіпті мүмкін емес. Сондай биік шығармашылық ортада ғылымға кіруге Мұстафа ағамыздың ірі ғалым болуының мықты бастамасы мен берік алқымы болғанын ұғынып, түсініп жатырмыз қазір.

Мұстафа аға былай дейді: «Өмірде кәсіби және рухани білім деген бар. Бұл сөздің мағынасы – «Адамға кәсіп үйретсең, адамгершілігін қоса үйрет» деген сөз. Дүниеге тек қана жалаң кәсіптік көзқарас апат әкеледі». Мұны ұғыну үшін қазір әлемде болып жатқан оқиғаларға аздап талдау жасаса жеткілікті. Түсінер болсақ, осы сөзде қаншалықты терең ой, қаншалықты биік ұғым мен түйін, мықты тәлім мен тәрбие жатыр. Ұстазбыз, әрқайсымыздың бағытымыз бөлек, дәріс беретін пәніміз де түрлі. Соны шама-шарқымыз келгенше атқарудамыз. Ал, алдымыздағы студентке, өмірден мол үмітті жасқа біз Мұстафа аға айтқандай, рухани тәрбие мен білім бере алдық па? Мәселе осында! Ендеше, жоғарыда ағаның айтқан сөзі мен қазақтың абыз жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ойлары мен пайымдарының орайлас, ұқсас келуін заңдылық деп санау керек.

Мұстафа ағаның «Ұстаздық тұғыры» атты екітомдық кітабын оқи түсемін. Мақсатым – аға рухымен сырласу. Ардақты аға былай деп жазыпты: «...Жас ұлғайып, қариялар қатарына ендік, ал енді бар ғой, соған қарамастан мен осы күні марқұм әкемді де, шешемді де сағынамын. Біреулерге күлкілі болып көрінер, ал осының – иманды шындығым, соларға бір еркелегім келіп кетеді кейде. Мұны үлкенің кісінің бала болуы деп те қарамағын, құрметті оқырман, бұл – ата-анам деген құрметтен туған бір сезімнің сәттік, мезеттік көрінісі болар, бәлкім». Осы жолдарды оқығанда өз басым Мұстафа аға жүрегінің мол мейірімін қайта сезгендей болдым, ол кісінің айналасына, жақындарына, әріптестеріне деген ағалық қамқорлығының түп негізін осы сәтте терең ұғынып, жанадан тауып түсінгендей болдым. Өзім де сол мезетте өз ата-анамды есіме алып, біраз үнсіз отырдым.

Мұстафа ағаның тағы бір сөзін осы жерде келтірмеске әдім жоқ. «Қазір мен де көкем сияқтымын. Иә, әкемді біз көке дейтінбіз. Үйге келіп, рахаттанып демалу деген менде жоқ, мүмкіндігі болса жазу үстеліне отырамын. Кей тұстастарым осы кезге дейін бейнеттендік, еңбек еттік, енді демалу керек қой» дейді. Ал мен үшін демалыстың төресі – кейінгілерге жәрдемі тиерлік, пайдаға жарарлық бір дүние қалдыру екенін қайдан

білсін?! Бұл да ұлы ұстазым – көкемнің дәрістерінің нәтижесі екені анық» депті ағамыз. Енді осыны ұғынайықпыз. Түсінгенім мынау: Ұлы Құдірет екінің біріне бұйыртыпты мол несібе беріпті ағаға. Ол – өзгені ойлау, жұрттың қамын жеу, өзіннен кейінгі ұрпақтың жоғын күйттеу. Осыған ардақты аға қалай кез болды деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Мұның түбірі адамды мықты сыйлап, жақсы көріп, өмірдің түпкі мақсатын айнымастай берік түсінгенде. Екі кітапты парактап отырған адам осыны сөзсіз түсінді, көреді, сезеді де мойындайды. Осы екі кітап оқыған адамға өнеге боларлықтай, оның өмірінде жөн сілтейтін шамшұрақтай қызмет атқаратыны анық.

Асыл аға екітомдықтың соңында былай деп жазыпты: «Біздің бұл баянымыздан сіз де ой түйіңіз, керекін алып, қажеттіңізге жаратыңыз, қадірлі оқырман. Тек өмірдің әр сәті тағылымға, өнегеге, тәлімге толы екенін естен шығармаңыз. Түйген ойыңыз, алған тәліміңіз тек адамдар арасындағы достық қарым-қатынасқа, татулыққа, бірлікке жұмсалса екен деп тілеймін. Мұны өзіңіз бастан өткергенің өмір сабақтарымен байытып, келер ұрпаққа жеткізерсіз. Сонда ғана үйрену мен үйретудің жалғастығы, сабақтастығы болады. Бұл – елдің ертегі үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін ерекше маңызды жайт. Міне, осы тұста дәрістерің өнегелі болсын». Қандай кең арқалы, қорғасындай салмақты, тобылғыдай мықты, түйінді сөздер! Керек десеніз, осы сөздерде Мұстафа ағаның бүкіл адами дүниесі мен болмысқа деген жеке көзқарасы жатқан жоқ па? Тіпті бұл, ағамыздың соңында қалған інілері мен әріптестеріне айтылған аманаты, өсиеті емес пе?!

Кітабының соңғы бетінде Мұстафа аға: «Құлмырзаны, Айманды, Файзрахманды, Жабайханды, Айжигітті, Қажымұрат ағаны, Г.Б.Ханды, Матифулланы сағынамын, інілерім Қазыбай, Серікбай, Алтынбектерді іздеймін. Солармен болған әр кездесу, әр сұхбат саға ауа секілді сіңімді болатын сияқты, таудан аққан мөйдір тұма бұлақтай ілгері жетелей береді еркісіз» депті. Осыдан кейін өзіме көңілім тіпті толмады. Қайдан толысы, ағаның ойынан шықпасаң?! Мықты болсақ, неге аға бізді енді іздейін деп ойлай бастағанда қасынан табылмадық?! Жоғарыда Әбдіжәміл ағаның сөзін осыны сезгендей, білгендей келтіріпін. Білмейтініміз, қателеріміз, кемшілігіміз әлі көп екен. Дер кезінде атқара алмаған ісіме өкініп отырмын. Енді ажал жоқ, ағаның артына қалдырған сөзіне құлақ салып, үңілемін. Содан пәрмен аламын, ой түйемін, жүрер жолымды пысықтаймын. Шамам келсе, ағаға ұқсап бағамын. Ардақты ағаның аузына ілігіп, кітап бетіне түсіп қалу да біз үшін жетістік шығар деп шүкіршілік етемін.

Қадірлі Мұстафа аға тура-дабы айтқанда ол кісінің жанында болған бауырлары мен жақындары жөнінде жазбай болмас. Өйткені, мен сол азаматтармен кезінде жақсы араласып, игілікті қатынаста болғаным бар. Бұл жерде мен ағаның бауыры Мәрия апайды да еске алып отырмын. Жетпісінші жылы Қызылорда түбіндегі Қарауыл-төбе қыстағында орын тепкен облыстық күрші тәжірибе стансасына қызметке тұрдым. Сөйтсем, Мәрия апай сол мекемеде кадр бөлімін басқарды, ал ол кісінің жұры Әбдірайхан аға бас экономист екен. Мәрия апайдың ойы да, ұлағатты ақыл-сөздері есімде. Әбдірайхан аға ақкөңіл, ашық пейілді азамат еді. Мен ғылым кандидатымызды қорғағасын Қызылордадағы Жамбыл гидрометеорология-құрылыс институты филиалына қызметімді ауыстырдым. Содан бір жылдай қалаға ауылдан қатынап жұмыс атқардым. Кейде дастарқандас болғанда Әбдірайхан аға қызметтік болашағымға тілек айтушы еді.

Білмеймін, мүмкін Әбдірайхан ағаның маған ықыласының ауғаны шығар бұл, жақсы азаматтың інісіне деген шынайы көзқарасы шығар осы. Ендеше, мен осындай биік шынайылықты өмірімде осы ағадан молынан көрдім. Сол ауылда біз отбасымызбен оншақты жыл тұрып, нанын жедік. Құдайға шүкір, жаман болған жоқпын, ғылым жасадым, соның арқасында Мәскеуде кандидаттық диссертациямды қорғадым. Сол уақыттарда Әбдірайхан аға ылғи кез бола қалғанда маған өзінің мейірімі мол тілек-батасын беруші еді.

Бірақ, Құдайға мың шүкір, бір азаматтың жетер дәрежесіне жамандық-жақсылық жеттім деп есептеймін. Менің алмаған асуларыма балаларым мен ұрпағым жетсін деп Ұлы Жаратушыдан ерқашан тілеймін. Сонда ойма келетіні: оңашада Әбдірайхан аға мен Мәрия апайым мен жөнінде шамасы пікірлесетін болуы керек, содан болар ағамыздың менің келешегім жөнінде жоғары ықыласты болжамдар айтуы. Осыған тереңірек үңілер болсақ, бұл шамасы көпті көрген, текті, айналасының қамын өзініңкейі қамдайтын аса мейірімді Мұстафа ағаның бауырларына, туыстарына берген мол шарапатының арқасында оның шет-жағасының маған да тигенін айғағы болар.

Мұстафа ағаның інісі Темірбекпен қатармын, көңіліміз жақын, ниеттес жандармыз. Бұл азамат – Қызылорда қаласының тірлігі мен шаруашылығына еңбегін молынан сіңірген білікті басшы. Өмірбек ініммен біраз уақыт Жамбыл гидрометеорология-құрылыс институты филиалында қоян-қолтық жұмыс атқарды. Сол кез қызығы мен қиындығы мол уақыт еді. Құрметті мәселелер күнде туы-

дап, құмырсқадай көбейіп жататын. Содан баршамыз қызу іс үстіндеміз, жұмыс көп. Оның түрі де көп, шешімін табу жолдары да баршылық. Не керек, сондай кезеңдерде абыржып, қиналып, бір-бірімізді түсінісе алмаған уақыттарымыз да болмай қалған емес. Сондай кезеңдерде мәселені терең ұғынып, оның шешу жолдарын білімі, білігі, өткірлігі арқасында іске асыратын азаматтардың орыны ерекше болатын. Міне, осы жерде Өмірбек ініміздің шыншылдығы, білгірлігі, әділдігі, ізденімпаздығы айқын көрінді. Осы мінезі арқылы, ыждағаттылығы мен мол еңбекқорлығы негізінде сол азамат шағын филиалдың оншақты жыл аралығында өз алдына дербес институтқа айналуына көп еңбек сіңірді. Шамасы бұл Өмірбектің Мұстафа ағамыздан көрген өнегесінің бір көрінісі болса керек.

Бір уақыттарда біз Мұстафа ағамызбен көрші тұрдық. Ағаның пәтері Өуелбеков тұрған үйдің батыс жағындағы кіреберісінде. Біздің үйі соның жанындағы көшенің арғы тұсында. Сол кезде отбасылық қарым-қатысымыз жақсы болды. Біз Мұстафа аға мен Ақзия апамыздан мол ұлағатты өнеге мен тәлім алдық. «Әзілің жарасса, атамен ойына» депті бабамыз. Кешке таман Мұстафа аға көпқабатты үйдің жанындағы шағын алаңшаға шығып, жайлап қылдыртайды. Мен де сол кезеңді пайдаланып, үйден шығып, ағаға сәлем беремін. Және қарап тұрмаймын, әкемнен келген әзілқойлығымды пайдаланып: «Аға, үйдің қасында жүре бермей, мынау қасымызда ағып жатқан дарияның жағалауына барып қайтыңыз ба, солай жасағаныңызды бізге де зияны болмас еді!» деймін, күле қарап. Сонда ағамыз бір нәрсе есіне түсе ме, қайдам, рахаттанып кең-кең күледі. Сөйтіп, ағаның көңілін аулайтыным бар еді.

Жетпісінші жылдары жастардың білім мен ғылымға ұмтылысы ерекше көзге түсетін. Осының себебі де жоқ емес еді. Өйткені, Кеңес Одағында ғалымдардың материалдық-қаржылық жағдайы биік. Міне, бір жағы осы себеп болған шығар, сол заманда көбіміз ғылымға ұмтылдық. Ол үшін аспирантураға түсу керек. Аспирантураға ілігу алдында үш емтихан тапсыру қажет. Олар: мамандық пәнінен, марксистік-лениндік философиядан және шетел тілінен. Аспирантураны аяқтарда осы пәндерден кандидаттық емтихан қабылданатын. Сол заманда соңғы екі пәннен кандидаттық емтихандар жоғары оқу орындарында жылына бір мәрте қабылданып жататын.

Сондықтан жұрт сол екі пәннен кандидаттық емтихандарды тапсыруға ұмтылатын. Өйткені кандидаттық емтиханды тапсырып қойған азамат аспирантураға түсерде сол пәндерден емтихан тапсырудан босатылатын. Мен де сол жолмен жүрдім. Өйткені, бөлім бастығым Қареке Ділімбетов ағамыз

Қызылорда пединститутының жоғары абыройлы ұстазы, доценті. Ол кісі институт дайындық бөлімінің меңгерушісі. Бұл – үлкен қызмет. Сондықтан, Қарекенің беделі жоғары. Мен Қареке Ділімбетов ағамыздың арқасында қиналмай ағылшын тілі және философиядан кандидаттық емтихандарды тапсырғанымды ұмытпаймын. Философиядан емтиханды қасында екі оқытушысы бар Мұстафа ағамыз алды. Қареке ағамыздың көлеңкеленді жүрсе, сол азаматтың нағашысы Мұстафа ағамыз болса, онда мен емтиханды нашар тапсыруға құқым бар ма?! Міне, ғылым жолына түсерде ақ батасын Мұстафа ағамыздың өзі берген.

Байлық пен қазына іздегендей, тағы асыға парактаймын аға кітабын: «Міне, осы Қазалы – менің атамекенім, осы Қазалы – менің астанам. Мұны мен мың мәрте мақтанышып қайталауға әзірмін. Өйткені мен осында өмірге келдім, менің сәби шағым, бала кезім осында өтті, осында орта мектепті бітірдім, алғашқы бала махаббат та осында бұр жарды, осы қала маған биіктерге, арман асуларына жолдана берді, осы жерден мен қанаттанып, ғылымға, білім алуға ұмтылдым. Осы қалада мен достар таптым. Достар болғанда қандай?! Олар Алланың маған берген сыйы ғой. Университет бітіріп келіп, қызметті осы Қазалыдан бастадым. Биіктерді бағындыра бастауым, қызметтің өсу жолыма да Қазалыдан басталды. Өмірлік жолдасым, адал жарым – Ақзияны да Қазалыдан таптым. Ата-бабам, әкемнің бейіті де осында. Олай болса менің астанам Қазалы болмағанда қайтсін? Жігітке туған жері – Мысыр шәрі деген ғой атам қазақ. Менің де Мысыр шәрім – Қазалы» депті.

Шіркін, осы жолдарда айқын көрініп жатқан жоқ па, ағаның туған жерге деген перзенттік ықыласы мен махаббаты, азаматтық борышы мен міндеті, өз елі мен туған жеріне деген әрбір пәндінен сүйініші мен арманы? Осы ықыласты, махаббатты, борышты ақтау үшін ардақты аға бар күш-жігерін, білімін мен білігін аянған жоқ. Болсаң мендей бол деп, алға ұмтылды, сонау ертеде көп азамат баруға жүресінетін, атынан сескентін Мәскеудің қып ортасындағы әлемге әйгілі ғылым ордасына айбынбай аяқ басып, ол кезде жұрт атынан шошитын атақты ғалымдармен өз қатарындай сөйлесіп, пікірлесіп, дәрістерін қағып алып, философия ғылымының биігіне көтеріліп, соның арқасында еліміздің ең күрделі саласының белді маманы атанып, игерген білімі мен білігін қазақ елінің, туған жерінің жастары үшін сарп етті емес пе?! Ендеше, Мұстафа аға сол қасиетті туған жер ықыласына, махаббатына, құдіретіне оранды дегенге кім қарсы тұрар екен?

Мұстафа аға мен Ақзия апай елге өнегелі, білімді, саналы ұрпақ қалдырған, өсіп-өнген, өркені кешінен жайған, белгілі әулеттің басшылары болған. Соңына ел үшін қарымды еңбектерін қазір аянбай атқарып жүрген Ботағоз, Гүлнәр қарындастарымызды, Ғабит, Ғалымжан, Талғат інілерімізді ерткен.

Кітабының соңында: «Иә, ауырған сайын жанымдағы серігім Торғынға жаным ашиды, күндіз-түні жағдайымды жазап, тыным таппай жүреді. Адамгершілігі болмаса осы бейнетті өз қолымен атқарар ма еді? Рақмет, Торғынжан» депті абзал аға. Соңғы уақытында Мұстафа ағаның барлық жағдайына қамтып, ол кісінің кәсіби және шығармашылық жұмысына қолдайлы ықпалын молынан жасаған, ұлағатты ұстаз Аймұратқызы Торғынға ағаның рухы риза.

Жақсы адам дүниеден өткенмен, оның әулетін, сол өңірді, болымды, тұлғалы азаматтың айтқан ізгі сөздерінің, жасаған өнегелі істерінің шапағаты жайлайды деген ұғым бар. Ендеше, Мұстафа аға артында қалған елімізде, өңірімізде, ол кісінің киелі әулетінде амандық, жақсылық, береке мол болсын.

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры**

БРИФИНГ

Өңірге қажетті мамандықтарға 42 грант бөлінді

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Қарімова былығы Ұлттық бірінші тәстілеу қорытындысы бойынша жаңа оқу жылындағы жаңалықтардан хабарлар етті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық тарихы бар. Білім ордасы – бүгінде жаңа технологиялар мен заманауи шығармашылық әдістерді тиімді пайдалана отырып, өркеніетті дамуға көш түзген

іргелі оқу орындарының бірі. Жыл сайын аталған университетке таңдау жасағандар қатары артып келеді.

Айталық, 2021-2022 оқу жылында облыс бойынша 7506 оқушы мектеп бітіріп, оның 6570-і Ұлттық бірінші тәстілеуге қатысты. Тәстілеу нәтижесінде жоғары оқу орындарына 5439 бітіруші түлек құжат тапсырып, оның 4082 талапкері мемлекеттік білім беру грантына қол жеткізген. Соның ішінде 949 талапкер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне мемлекеттік грант бойынша оқуға түскен. Олардың 448-і педагогикалық саланы, ал 255-і инженерлік бағытты таңдаған.

– Оқу орнына мемлекеттік грант

бойынша оқуға түскендер 2020 жылы 519 болса, 2021 жылы 795, ал биыл бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 19,37 % артып отыр. Сонымен қатар, университет тарапынан дарында жастарды қолдау мен оқу орнына тарту мақсатында ішкі гранттар тағайындалды. Атап айтқанда, «Дарын» республикалық ғылыми-зерттеу орталығымен бірлескен 4 байқау өтті, 40 грант бөлінді. Ал облыстық «Дарын» орталығының байқауына 11 грант, Қорқыт ата университетінің пәндік олимпиада жеңімпаздарына 20 грант, Интеллектуалды ұлт байқауына 3 грант, «Innofest-2021» деп аталатын облыстық инновациялық жобалар фестиваліне 4

грант, «Жаңа дәуір – жаңа Қазақстан» фестивалі жеңімпазына 1 грант, «Атамекен» балалар үйінің түлегіне 2 грант берілді, – дейді Б.Қарімова.

Бұдан бөлек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсуші ұлты қазақ шетелдік азаматтар арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында онлайн эссе байқауы ұйымдастырылған. Оған Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан елдерінен үміткерлер қатысып, байқау жүлдегерлеріне 10 грант бөлініп отыр.

Ал, өңірге қажетті мамандықтар бойынша биыл облыс әкімінің 42 гранты бөлінді. Ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасынан шыққандар,

жетім бала санатына жататын және қолеметтік жасқа дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, мүмкіндігі шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар талапкерлерге «Қазақстан халқына» қоғамдық қорынан 10 грант берілген. Білім беру гранттарын алуға құжат тапсыру жалғасуда.

Быыл магистратура бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арқылы мемлекеттік грантка 778 адам өтініш білдіріп, оның 621-і осы оқу орнынан таңдаған болса, докторантура бойынша 21 үміткер өтініш білдірген. Оның қорытындысы алдағы уақытта белгілі болады.

«СБ» ақпарат



КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Спортшылар құрметке бөленген күн

Спорт күніне орай «Мұз айдыны» кешенінде өткен мерекелік іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов, сала ардагерлері, спортшылар мен жаттықтырушылар қатысты.

Көпшілік алдында Н.Сақтағанов құттықтау сөз сөйлеп, спортшылардың жетістігі жөнінде ой бөлісті. Оларды мерейлі мерекемен құттықтап, толайым табыс тіледі.

Ал облыстық спорт ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсыбек Егізбаев аға буын атынан жүрекжарды лебізін білдірді. Салтанатты шарада Ислам ойындарында ауыр атлетикадан қола жүлделер болған Асылжан Бектайға лайықты құрмет көрсетілді. Сондай-



ақ, еңбегі сіңген жаттықтырушылар мен спортшыларға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің спорттық атағын беру туралы куәліктер табыс етілді. Бірқатар қызметкер облыс әкімі, облыс әкімінің орынбасары, басқарма басшысының алғыс хаттарымен марапатталды.

Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы облыстық филиалының төрайымы Раушан Үмбетова Сыр спортының дамытуға үлес қосқан қызметкерлерге «Еңбек даңқы» төсбелгісі мен алғыс хат табыстады.

Облыстық жеңіл атлетика федерациясының президенті Асхат Шәукеңбаев аталған салада ел біріншілігі мен халықаралық жарыстарда топ жарған жастарға алғыс хат пен арнайы сыйлықтар берді.

«СБ» ақпарат

Ержүрек Арман



Өткен аптада қаланың «Универсам» шағын ауданында оқыс оқиға болды. Анасының алдында жүгіріп бара жатқан 2 жарым жастағы саби ашық тұрған

кәріз құдығына түсіп кеткен. Баланы құдықтан алып шыққан Арман Аманжолов. Облыс орталығына ауылдан келген беті екен.

Тұлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

— Бала кәріз құдығына құлап кетіпті. Мен оны құтқаруға жүгірдім. Құдықтың ішіне түстім. Бар ойым тезірек құтқарып алып шығу еді. Сол кезде тағы бір ер адам жүгіріп жетті. Ол алдымен кішкентайды, сосын мені шығарып алды. Мен құдықтың іші сасық су мен лай бағпаққа толы екенін білмедім, — дейді Арман.

Он бес жастағы Арман Арал ауданы Бөген ауылында дүниеге келген. Бес ағайынды, алдында екі әпкесі, екі ағасы бар. Әкесі Жаңалық жұмыссыз, анасы Майра мектеп асханасында істейді.

— Кенжетайым. Еңбеккер, адам жатырқамайды. Бірақ тұйық. Ретсіз әңгімеге жоқ. Бала ауылдан ұзап шықпаған еді. Жақсылық жасағанына куәсін отырмыз. Ер жеткені ғой. Оқуға түсіп, мамандық иесі болып кетсе деп тілеймін, — дейді Арманның анасы.

Арман қазір қоғамға нағыз қажет электрик мамандығын таңдаған. М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжине құжаттарын өткізіпті. Қорытындысы енді шығады. Оқу құралдарын алып, студент атанатын күнді асыға күтіп жүр.

Бүгінгідей адамның бір-біріне деген мейірімі азайып, әркім өз әлемінде оқшауланып қалған уақытта Армандай бозбаланың әрекетіне ел сүйсініп жатыр. Ендігі тілек кейіпкеріміз өзі қалаған мамандығы бойынша оқуына түсіп, келешекте білікті мамандардың қатарын толықтырса дейміз.

Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Әне-міне дегенше күз де жақындады. Әскерге шақыру мерзімі таяды. Жылына екі рет науқан кезінде жастардың әскери борышын өтеуден жалғаратындар туралы әңгіме көп. Ақпарат көздеріне сүйенсек, кейінгі кезде борышын ерікті өтеушілердің қатары азайған. Жастардың дені жалғарып, түрлі сылтау мен бармаудың жолын табады. Өйткені борышкерлердің көбі әскерге баруды текке уақыт өткізу деп есептейді.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Әскерден жалтару — азаматқа сын

Басында несиесі барлары қаншама?! Өзі әскерге кетсе, оны кім өтейді? Осындай ойдың жетегінде жүргендер де жетерлік. Әйткенмен, бәріне бірдей күйе жағуға да болмайды. Өйткені әскерден түрлі себеппен босатылып немесе мүлде шақырылмайтын да бар. Бүгінгі мақаламызда әскерге нақты кімдердің бармайтыны және кімдерге кешірімді екені жөнінде сөз қозғаймыз.

Жалпы, әскерге шақыру жылдағы тәртіппен жүргізіледі ғой. Бірақ соған қарамастан борышын өтеуден қашу көпшілік үшін жаға ұстататын жаңалық болмай қалды. Алайда қазір тәртіп өзгерді. Әскерге шақыртуды елемей, медициналық тексеруден өтуге келмеген жігіттерге 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Кейін қайда барсаң да, осы қағаз алдында шығады да тұрады. Шетелге шыға алмайсың. Ол аз десенің, денсаулығына қасақана қысым келтіріп, жалған анықтама жасап алатындар айыппұл арқалайды. Ал кейбір жағдайда үстінен қылмыстық іс қозғалып, әскерден қашқан азамат үш жылға абақтыға қамалуы мүмкін.

Ал әскерден босатылатындар жайы мүлдем бөлек. Жоғарыдағы қатандатылған шаралардың оларға қатысы жоқ. Бұл жайында Қызылорда

қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник Алмас Шөкеновпен тілдескен едік.

— Азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру аудандық (облыстық) маңызы бар қаланың әскерге шақыру комиссиясының шешімі бойынша беріледі. Оның ішінде отбасы жағдайлары, білім алуды жалғастыру үшін, денсаулық жағдайы, басқа да себептер болуы мүмкін.

Ал әскери қызметке және әскери жиналуда шақырудан босатудың жайы мүлдем бөлек. Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған, жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған, туыстарының бірі (әкесі, анасы, ағайындары немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған, басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткергендер босатылады. Сондай-ақ, еліміздің арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендер, ғылыми дәрежесі бар азаматтар, тіркелген дини бірлестіктердің дін қызметкерлері босатылады, — делі

ма?» деген сауалымызға үзілді-кесілді «жоқ» деп жауап берді. Оның айтуынша, қазір еліміздегі барлық банктермен әскерге шақырылған несиесі бар азаматтардың әскерде болған бір жылда несиесін уақытша тоқтату туралы келісім бар. Қазіргі таңда уақытша үзіліс туралы «Каспий банкпен» де келісім-шарт жүргізіліп жатыр екен.

Расында, мемлекет азаматтарға «қалайда баруын керек» деп міндеттеп отырған жоқ. Егер шынымен жоғарыдағыдай, денсаулығы болмаса, білім алса, темірдей қатты әскери тәртіп те борышкердің мүмкіндіктерін ескереді. Жоғары оқу орнының күндізгі бөлімінде оқитын студенттер оқуын аяқтағанша әскерге бармайды. Одан кейін міндетті. Әскерге барудан үйленген, 1 баласы бар азаматтар мен денсаулығы жарамсыз азаматтар босатылады. Ал бір жылын әскерге жұмсағысы жоқтарға 40 күндік даярлықтан өтуге мүмкіндік қаралған.

Отандық қорғау — әр азаматтың қасиетті парызы әрі міндеті. Бұл Ата Заңымызда да тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Біздіңше, тепсе темір үзетін қазақтың қара нардай жігіттері бар күшін елді қорғауға жұмсауы керек. Сонда ғана шекарамыздан ешкім аттап өтпейді.

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Сұлтанова Гүлбану Сұлтановна (лицензия №0002726, 08.10.2009 ж.) 2022 жылдың 3 сәуірінде қайтыс болған азамат Базарбаев Абдувалидин атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз:

Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 54/24, тел.: 8-701-163-18-70.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Дастанова Гульмира Маханбетжановнаның атына ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасынан 23.10.2020 ж. берілген №309 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ауданының әкімдігі, Жалағаш кенті, Әйтеке би көш., 12.

Қармақшы ауданы
27 қыркүйек сағ. 12:00 — Төретам кент әкімдігі, Төретам кенті, Жанқожа батыр көш., 21.

Қазалы ауданы
27 қыркүйек сағ. 16:00 — Майлыбас ауылдық округі әкімдігі, Ақсуат ауылы, Амангелді батыр көшесі, 23.

Шиеді ауданы
28 қыркүйек сағ. 10:00 — Еңбекші ауылдық округінің әкімдігі, Еңбекші ауылы, Оразова көш., 33; 28 қыркүйек сағ. 12:00 — Жуантөбе ауылдық округінің әкімдігі, Алғабас ауылы, А.Исмаилова көш., 40; 28 қыркүйек сағ. 15:00 — Талаптан ауылдық округінің әкімдігі, Балаби ауылы, Бала би көш., 10А.

Жанакорған ауданы
29 қыркүйек сағ. 10:00 — Акку ауылдық округінің әкімдігі, Бірлік ауылы, Түрсінеков көшесі, №64, ауылдық клуб; 29 қыркүйек сағ. 12:00 — Қосүйеңкі ауылдық округінің әкімдігі, Қосүйеңкі ауылы, Б.Смағұлов көшесі №5, ауылдық клуб; 29 қыркүйек сағ. 15:00 — Қыраш ауылдық округінің әкімдігі, Қызылмақтасы ауылы, Тәуелсіздік көшесі

№4, ауылдық клуб; 29 қыркүйек сағ. 16:00 — Бесарық ауылдық округінің әкімдігі, Бесарық ауылы, Ж.Қалдырғалиев көшесі №54, мәдениет үйі.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен экологиялық порталда және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей <https://ecportal.kz/> бірінші экологиялық порталда және ar.zholdasbekova@korda.gov.kz электрондық мекен-жайға қабылданады. ZOOM қосу арқылы онлайн режимде қатысуға сілтеме бірінші экологиялық порталда және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat> ЖАО сайтында ұсынылған. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 202 а, Тел.: 7 (727) 250-33-20. Бастамашы: «Бейнеу - Шымкент газ құбыры» ЖШС, Алматы к., Абылай хан даңғылы, 53, БСН 110140008803, Тел.: 7 (727) 34-23-715 эірлеуші: «Экосервис-С» ЖШС: Алматы к., Төле би к-сі, 202, тел.: 7 (727) 250-33-20.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сәйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.